



БЕЙБІТШІЛІК САММИТИ

Швейцариядағы алқалы
жиында не қаралды?

2

ӨТТІҢ, ДҮНИЕ!



АСЫЛДЫҢ СЫНЫҒЫ АҚТЫҚ САПАРҒА АТТАНДЫ

3

ҚЫЛҚАЛАМ



ТҮРІК СУРЕТШІЛЕРІНІҢ КӨРМЕСІ АШЫЛДЫ

12

ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ

«ЖАСЫЛ ЕЛ» ЖҰМЫСҚА КІРІСТІ

Шаһарымызда еңбек маусымының ашылу салтанаты өтті. «Алматы қаласы аумағында «Жасыл ел» еңбек жасақтарының жұмысын ұйымдастыру» жобасы аясында өткен іс-шараға Алматы қаласының мәслихат депутаттары, үкіметтік емес ұйым өкілдері, қоғамдық кеңес мүшелері мен белсенді жастар қатысты.



Олжас
ЖОЛДЫБАЙ

Жобаның негізгі мақсаты – елімізді көгалдандырып, абаттандыру, жастарды уақытша еңбекпен қамту. Сонымен қатар, экологиялық тәрбиені насихаттап, олардың табиғатқа, туған елге деген сүйіспеншілігін қалыптастыру болып отыр.

Сонымен, биыл «Жасыл ел» жобасы аясында 2100 жас уақытша жұмыспен қамтылмақшы.

– Осынау іс-шара барысында еңбек-қор жастарымыз қаланың көркеюіне өз үлестерін тигізеді. Әрине, мұндай жұмыстар олардың патриоттық сезімдерін оятады. Жазғы кезеңді, демалыс уақыттарын босқа өткізбей, еңбекке араласқан адам бәрінен озады. Сонымен қатар, олар өздеріне қаражат қана таппай, әр-

түрлі акцияларға да қатысады. Жұмыс істегісі келетін жастарға қоғам әрқашан қолдау көрсетеді, – деді Алматы қаласы Жастар саясаты басқарма басшысының орынбасары Әзиз Оралбекұлы.

Сонымен қатар, «Жасыл ел» жобасы бойынша, басқа да игі істермен айналысып жүргендер де өз ойларын ортаға салды.

– «Жасыл ел» жобасының маңызы зор. Әсіресе, бұл студенттерге қолайлы болып тұр. Осы жобаға қатысып келе жатқаным 3 жыл болды. Бұл – жұмыс істеп, ақша тапқысы келетін жастарға үлкен көмек. Алматы жастар қаласы болғандықтан, оның көркеюіне біз де аянбай тер төгеміз, – деді ерікті жас Әбдіқамал Алсын.



Суретті түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев жұмыс сапары аясында Алматының Наурызбай ауданы «Қалқаман» шағынауданындағы көлемі 0,8 га болатын жаңа қоғамдық кеңістікті аралады.

5

Almaty AQSHAMY

Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №49 (6500) 18 маусым, сейсенбі, 2024 жыл. | www.almaty-akshamy.kz



«ХАЛЫҚ ҚАТЫСАТЫН БЮДЖЕТ»

ШАҒЫН БАҚ – ШАҒАР ШЫРАЙЫ

Тағы бір қараусыз қалған бос жер демалыс орнына айналды



KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

18.06.2024

Түнде:



+19+21 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+31+33 °C

Көшпелі бұлтты,
өткінші жаңбыр.



Желдің жылдамдығы:

3-8, найзағай кезінде екпіні 15-20м/с

19.06.2024

Түнде:



+18+20 °C

Көшпелі бұлтты,
кей уақытта жаңбыр, найзағай.

Күндіз:



+27+29 °C

Көшпелі бұлтты,
кей уақытта жаңбыр, найзағай.



Желдің жылдамдығы:

3-8, найзағай кезінде екпіні 15-20м/с

www.almaty-akshamy.kz





САРАПТАМА

Өткен демалыс күндері Швейцариядағы Альпінің әйгілі курорттарының бірінде бейбітшілік жайын сөз еткен саммит өтті. 90-нан астам елдің өкілі қатысқан жиынның ұйымдастырушысы Киев болатын. «Бейбітшілік саммитінің» басты мақсаты – аты айтып тұрғандай, бейбітшілік жолын іздеу. Соған қарамастан соғыстың қарсы тарабында тұрған Ресей жиынға шақырылмады. Тұрасында, саммиттің дүбірі жыл басынан бері дүниені дүбірлеткен еді. Алайда, бейтарап тұрған елдер бәрі бірдей жиынның қорытынды декларациясына қол қоймады. Сонымен, «Бейбітшілік саммиті» қалай өтті? Нәтижесі қандай? Елеулі оқиға жайында оқырманға кеңірек баяндап беруді жөн көрдік.

Кімдер тыс қалды?

Дүние дүрбелеңге түсіп тұрған қазіргі кезде бейбітшілік пен тұрақтылықты қалпына келтіру бойынша талпыныстар бәріміздің назарымызды аударады. Өйткені, біз өзіміздің баянды болашағымызды әлемнің тұрақтылығынан іздейміз. Украинаның Швейцариямен бірлесе ұйымдастырған саммитіне әне, сондай үмітіміз болған. Алайда, басты кейіпкердің бірі сахнада болмауы жиынның нәтижесіне деген күмәнді де күшейткен. Бір аңғы Ресей де, Украинада бейбітшілік пен тұрақтылықты өз ұстанымынан іздегісіз жатқандай. Әлемді алаңдататыны да міне осы.

Альпінің әйгілі Бургенсток курортына Украинаны қолдап келген ел лидерлерінің қатары түгел болмады. АҚШ президенті Джо Байден Еуропадағы сапарының ретіне қарай саммиттен бой көрсете алмады. Оның орнына вице-президенті Камала Харрис қатысты. Бұдан тыс жиында Германия канцлері Олаф Шольц және Франция президенті Эммануэль Макрон және өзге де Батыс елдерінің лидерлері бой көрсетті.

Қытай болса «Бейбітшілік саммитінен» тыс қалды. Бұған дейін Бейжің саммитте Мәскеудің қатыстырылмауын сынап келген. Өрі Ресей қатыспайтын жиыннан ешқандай нәтиже көрмейтінін мәлімдеген. Тіпті, Украина президенті Зеленский Ресей мен Қытайды халықаралық саммитке кедергі келтіруге тырысып жатыр деп де сынаған. Бұлай деуінің жөні де бар, ірі экономикаға ие әрі Ресеймен «шексіз достық» қарым-қатынасындағы Қытайдың жиыннан бас тартуы көптеген елдің саммитке қатысты ұстанымына ықпал еткені анық.

БРИКС-ке мүше елдердің іс-қимылына қарап та Бейжің мен Мәскеудің көзқарасы өзге елдердің шешіміне әсері болғанын көру қиын емес. Айталық, Бразилия тек «бақылаушы ел» ретінде қатысса, Үндістан, Индонезия, Мексика, Сауд Арабиясы және Оңтүстік Африка қатарлы елдер саммиттің ортақ декларациясына қол қойған жоқ.

Ресейлік ақпарат құралдары саммитке дейін де сын-пікірден аянып қалмады. Ресейдің әу бастан саммитті «қисынсыз іске» балағанын білеміз. Мәскеудің көзқарасы «Біздің позициямыз ескерілмеген саммит ешқандай нәтиже бермейді» дегенге саяды.

Символдық сипат басым

Әуелі жиынның нені мақсат еткенін және неге қол жеткізгенін айтып өткен жөн. Екі жылдан бері Ресей мен Украина арасында бітімгершілікті мақсат еткен қандай да бір келіссөз болған жоқ. Қос тарап та титықтағанына қарамастан өз ұстанымын берік тұтып тұра беруге тырысуда. Оның үстіне, Шығыс Еуропадағы соғыс әлемнің әр түкпіріндегі елдерге өзінің теріс әсерін беріп жатқанын ескерсек, бейбітшілік қамын

БЕЙБІТШІЛІК САММИТІ

Швейцариядағы алқалы жиында не қаралды?



күйтеген халықаралық жиынның өтуі, әлбетте, аса маңызды қадам. Дегенмен, аталған «Бейбітшілік саммитін» тікелей соғысты тоқтату, бітімге келуді мақсат еткен жиын десек, қателесеміз. Жиынды Украина тарапы ұйыстырды және Ресей шақырылмады. Оның үстіне, ортаға салынатын тақырыптар арасында да бітім, келісім, атысты тоқтату тақырыптары жоқ. Бұған қарап біз Швейцариядағы саммитті бейбітшіліктің практикалық қадамы емес, одан гөрі символдық рөлдегі іс-әрекет деп бағалауға болады.

Саммиттен бұрын Украина президенті Владимир Зеленский бейбітшілік жөніндегі өз бағдарламаларын сөз еткені бар. Және ол бейбітшілікке қол жеткізудің Киев ұсынған бағдарламасы болғанымен, кезекті басқосуда негізінен үш тақырыпқа көңіл аударылатынын түсіндірген. Яғни «Бейбітшілік саммиті» ядролық қауіпсіздік, азық-түлік қауіпсіздігі және соғыс тұтқындары мәселесін басты тақырып етіп талқылауды көздейді. Міне, осы үш негізгі тақырыпқа қоса «Бейбітшілік» мәселесін жалпы әлемдік деңгейде талқылау үшін өткізілген жиын десек болады. Былайша айтқанда, жиын арқылы тараптар қазіргі көпқырлы әлемдегі «Бейбітшіліктің» анықтамасын беруге тырысып көрді, әрі президент Зеленский ұсынған «Бейбітшілік формуласын» талқыға салды.

Киевтің көздегені не?

Украинаны тақырып еткен халықаралық жиын бірінші рет өтіп жатқан жоқ. Жыл басында Жапонияда Украинаны қалпына келтіруді негізгі тақырып еткен халықаралық конференция болған. Онда Украинадағы соғыс кезіндегі және одан кейінгі әлеуметтік нысандардан тартып инфрақұрылымдарды қалпына келтіру бойынша сөз болған. Еуропада әскери көмек беру мәселесін көтерген жиындар да өткізіліп келді. Бұларда әрине, осындай нақты мәселелер көзделген еді. Ал кезекті символдық мәндегі халықаралық саммитте де Киевтің өз көздегені бар десе болады. Ең бастысы – өз позициясын бекемдеу және қолдауды кеңейту.

Украина президенті Владимир Зеленский ұсынған «Бейбітшілік формуласының» негізгі мәні «әділетті, тұрақты бейбітшілік» болды. Киев болса бейбітшілік бойынша өз ұстанымын алға тарта отырып, әлемнің басым көп елінің қолдауына жетуді басты мақсат етіп тұтқаны анық. Қарапайымдап айтқанда, Киев өзінің бейбітшілік туралы ұстанымын алға ұсына отырып, әлемнің көптеген елінің өзімен бір көзқараста екенін, сол арқылы қарсыласынан дипломатиялық тұрғыдан басымдық алуды мақсат етті.

Халықаралық жиынның жалпы картинасынан қарағанда Украина тарапы бұл

мақсатын толық орындай алған жоқ. Айталық, жоғарыда атап өткеніміздей, Үндістан, Бразилия, Оңтүстік Африка, Сауд Арабиясы, Индонезия сынды оңтүстік жарты шардағы ірі елдерді өзін қолдайтын Батыс державаларының қатарынан көргісі келген мақсатына жете алмады. Ірі державалардың бәсекелік қарым-қатынасынан барынша аулақ тұруға тырысатын бейтарап елдер Ресей мен Қытайдың қарсы тарапына толық етіп кетуге асыққан жоқ. Олар да өздерінің ұлттық мүдделері мен геосаяси жағдайды жіңішкелікпен бағалап отырғаны анық.

Дегенмен, Киев бұл саммит арқылы өзінің Батыстағы қолдаушы тараптарынан сенімді сигналдар алды десе болады. Батыс елдері лидерлерінің саммитке қатысуы, бір ауыздан Ресейді айыптауы Украина үшін өзінен әлде қайда күшті қарсыласымен табандап тұрып тіресуге нық сенім ұялатқаны сөзсіз. Оның үстіне саммитте сөз болған негізгі тақырыптар ядролық және азық-түлік қауіпсіздігі мәселелері АҚШ пен Еуропадағы қолдаушылары үшін де, өзге әлем үшін де аса салмақты мәселе. Міне, дәл осы мәселеде Киев өзінің Еуропа үшін, демократиялық әлем үшін қадір-қымбатының қаншалықты екенін тағы бір рет әйгілеп алды деуге келеді.

Көңілдерде алаң бар

Естеріңізде болса, Украина президенті Зеленский «Бейбітшілік саммиті» бойынша Орталық Азия елдерінің журналистерін қабылдаған кезде айтқан болатын. Онда ол аймақ елдерінің басшыларын саммитке белсенді қатысуға шақырғаны бар. Өрі бейтараптылықты сақтап отырған жоқ дегендей аймақ елдерінің позициясын да сынаған. Дегенмен, оның аймақ елдерінің тілшілерін қабылдауы және ұстанымдарына қатысты пікірін білдіруінде сөзінен бөлек өзгеше мағыналар жасырылғанын көрсек болады. Ең алдымен, бұл арқылы Зеленский аймаққа өзінің стратегиясын жаңартқанын, әрі назарға ала бастағанын көрсетті. Саммит қарсаңында аймақ елдеріне шақыру тастауынан кейін Киевтің Мәскеуді оқшаулауды басты назарға ұстағанын аңғаруға болады. Оның сөздері аймақтың ресми тараптың пікірінен гөрі қоғамдық пікірін өзгертуге бағытталғандай сезілді.

Қазақстан да өзге аймақ елдеріне ұқсас саммитке қатысқан жоқ. Бұның себебін Сыртқы істер министрінің ресми өкілі кешегі мәлімдемесінде түсіндірді. «Біз өз мүддемізге сай әрекет еттік және халықаралық іс-шаралар кестесіне сүйендік», – деді СІМ өкілі Айбек Смадияров.

Әрине, аймақ елдері саммитке белсенді қатысқан жоқ. Бұны Зеленский айтқандай

бағалауға болмас. Түптеп келгенде, Швейцариядағы «Бейбітшілік саммитінен» бұрын Ресей мен Украинаның қақтығысқа баруының өзі Орталық Азия елдері үшін ыңғайсыз жағдай. Ал саммитке қатыспау мәселесіне келгенде тіптен қолайсыз жағдай еді. Біріншіден, аймақ елдерінің Ураинамен тағдырлас, Ресеймен тығыз байланыстағы постенесті елдер болуында; яғни өзінің ұлттық мүддесі тұрғысынан Ресеймен мәміленің бұзылуынан алаңдайды. Екіншіден, соғыстағы екі тараптың бірі шеттетілгеннен кейін саммиттің нәтижесін алдын ала болжауға мүмкін болды. Демек, бейбітшілік сөз етілген жиын тікелей және практикалық тұрғыда бейбітшілікке қол жеткізе алмайды. Мұндай жағдайда Астана, Ташкент, Бішкек, Душанбе және Ашхабадтың саммитте белсенділік көрсетуінің ешбір маңызды мәні болмас еді.

Әлемнің екіұдай күйі

Швейцариядағы Бейбітшілік саммиті және оның нәтижесіне қарай отырып қазіргі әлемнің екіұдай күйін көре аламыз. Саммитте азық-түлік қауіпсіздігі және ядролық қауіпсіздік сынды аса сезімтал мәселелердің сөз болып жатқанына қарамастан шын мәніндегі бейбітшілікке келгенде еш тараптың асығып отырмағанын көргендейміз. Осының өзі қазіргі әлемнің беталысын, қайшылықтардың тереңдігін түсіндіріп тұр.

Бейбітшілік саммитінен бұрын Италияда «Үлкен жетілік» бас қосты. Онда да Қытай мен Ресей басты тақырып етіп талқыланды. G7 мүшелері Бейжің мен Мәскеудің қазіргі қадамдарына алаңдаушылық білдірді. Былай қарап отырсақ, осының бәрінен біз әлемде болып жатқан текетірістердің түптеп келгенде Батыс пен Шығыс державалары арасындағы келіспеушіліктен туындап отырғанын көреміз. Өрі бұндай кезеңде тұтас әлемді бейбітшілік пен тұрақтылық және даму мәселелерінде орта держава елдерінің маңызының барған сайын артып келе жатқанын анық байқаймыз. Орташағын елдердің көптаралықтық, бейбітшілік пен дамуды қаншалықты бекем қорғауы жаһан тұрақтылығының кепіліне айналуға.



Естай БОЖАН, сарапшы.



ӨТТІҢ, ДҮНИЕ!

Белгілі мәдениеттанушы-ғалым, дипломат, мемлекет және қоғам қайраткері, «Тарлан» сыйлығының лауреаты, I дәрежелі «Барыс» орденінің иегері Мұрат Мұхтарұлы Әуезов 81 жасында дүниеден озды.

Ол кісі біздің «Alatau Aqparat» медиахолдингіне жиі келіп тұратын. Біздің үлкенді-кішілі қуаныштарымызға, жетістіктерімізге ылғи тілекші болып жүретін. Жастар шабыттансын дей ме, лебізін де аямайтын. Бұл бізді әрине, қуантатын. Және де қашан көрсеңіз де орнықты, жұмсақ мінезімен, байсалды болмысымен, ойлы жанарымен, жып-жылы аурасымен баурап алатын. Өкінішті, дүниеден сондай жақсы адам өтті...



Нұржамал
ӘЛШЕВА

АҚТЫҚ САПАР

Қазақ елі Құрбан айттың алғашқы күні асылдың көзі, алтынның сынығы, тұлпардың тұяғы, өмірінің соңына дейін ұлтына адал қызмет еткен көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Мұрат Мұхтарұлы Әуезовті ақтық сапарына шығарып салды.

Марқұммен қоштасуға қазақтың барлық игі жақсысы, Сенат және Мәжіліс депутаттары, мемлекет және қоғам қайраткерлері, Мұрат Мұхтарұлына тілеулес болған қарапайым тұрғындар да көп жиналды. Марқұмның жақындарына ҚР Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева да келіп көңіл айтты. Мұрат Мұхтарұлымен қоштасу рәсімі Мұхтар Әуезов атындағы Қазақ ұлттық драма театрында өтті. Жаназасы да сол жерде шығарылды.

Қаралы жиында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың көңіл айту хатын Президент кеңесшісі Мәлік Отарбаев оқыды.

«Ұлт руханиятының алға басуына, қазақ ғылымының көкжиегін кеңейтуге бар саналы ғұмырын арнаған зиялы, парасатты тұлға еді. Қазақ әдебиеті мен мәдениетін, тарихын терең зерделеп, соңына өлшеусіз мол мұра қалдырды. Қазақстанның халықаралық дәрежедегі беделінің артуына өзінің саяси-қоғамдық істерімен зор үлес қосты. Гибратты ғұмыр кешіп, кемел де кеменгер әке жолын лайықты жалғаған Мұрат Мұхтарұлының жарқын бейнесі мен қадірлі есімі халқымыздың жүрегінде мәңгі сақталады. Марқұмның иманы саламат, жаны жәннатта болсын», – деп жазылған көңіл айту хатында.

Қоштасу рәсімінде, сондай-ақ ҚР-ның Премьер-министрі Олжас Бектеновтің, Сенат спикері Мәулен Әшімбаевтың, ҚР Парламенті Мәжілісінің төрағасы Ерлан Қожановтың көңіл айту хаттары оқылды.

МҰРАТАЙ

Сәл шегініс. Иә, Мұрат Әуезов – жазушы Мұхтар Әуезовтің «Мұратай» деп еркелеткен сүйікті ұлы, абзал ана Фатима Ғабитованың сүтқенжесі.

Мұхтар Әуезов баласына жазған хаттарының бірінде: «Мұратай! Айналайын, жақсы балам! Тілі тәтті, өзі тәтті Мұратайым! Сен мені сағындың ба, мен сені көп ойлап, көп сағынам. Қашан тағы көрер екем деп ойлаймын. Енді көргенде Мұратайым маған тағы қандай әндер айтып берер екен деп ойлаймын. Сен әнді жақсы айтушы едің. Осы күнде тіпті көп өлен,

АСЫЛДЫҢ СЫНЫҒЫ АҚТЫҚ САПАРҒА АТТАНДЫ

Мұрат Мұхтарұлы Әуезовтің жарқын бейнесі мәңгі сақталады

БЕКЗАТ БОЛМЫС

«Мұрат Мұхтарұлы біздің кітапхананы біраз жыл басқарды. Сонда таңертең жұмысқа, есіктен кіріп келе жатып ең бірінші осы қарашаңыраққа басын иіп сәлем беретін. Сосын әріректе еден жуып жүрген кісінің жанына барып, амандасып, «сәлеметсің бе, қарғам, жағдайың қалай, балаларың жақсы ма, өсіп жатыр ма?» деп сұрайтын. Сонда бұл неткен қарапайымдылық, биіктік деп таңқалушы едік. Ал еден жуушы әйел мәз болатын, «осы күнге дейін ешкім бұлай бала-шағамыздың жағдайын сұрамапты» деп. Мемлекет тарапынан қаниама рет ірі сыйақылар алды. Сонда Мұрат Мұхтарұлы соның бәрін қалтасына салып алып кеткен жоқ. Осында 300-дей қыз-келіншек жұмыс істейді, соның бәріне таратып беретін, бізді театрға шақыратын. Гүл әкеп сыйлайтын. Шетелге барған сапарларында бәрімізге сыйлық көтеріп келетін. Міне, бекзаттық!».

(ҚР Ұлттық кітапханасының директоры Бакытжамал Оспанованың Мұрат Әуезовтің 80 жылдық мерейтойында сөйлеген сөзінен).

ертегі білетін болған шығарсың. Үйрене бер. Ең болмаса харіптер үйрен. Тәтеңе айтып маған өзің де хат жаз. Жаздығүні мен саған велосипед әперем, алдамаймын, айналайын жаным. Ал бетіннен, көзіннен сүйдім. 04.ІІ.48 ж.», – дейді.

Сол Мұратай алтыға толар шағында, жазушы әке өзінің басына төніп тұрған қатерге де, «халық жауының» әйелі ретінде Фатима Ғабитоваға үлкен шаһарда тұруға рұқсат етілмегеніне де қарамастан, Алматыдан шағын үй сатып алып, зайыбын балаларымен бірге Алматыға көшіріп әкеледі. Ол тұста қалада екі-ақ қазақ мектебі болған. №18 ұлдар мектебі және №12 қыздар мектебі. Сол кезеңде жұмсақ креслода отырған талай басшы «құлтшыл» деген атқа ие болып қалмайын деген қорқынышпен балаларын қазақ мектебіне бермеген көрінеді. Ал әйгілі Әуезов «Мұратайының тілі қазақша шықсын» деген әкелік аппақ ниетімен Мұратты томпадатып өзі қолынан жетектеп алып, сол білім ошағына әкеледі.

БАҒДАРШАМ

Мұрат Мұхтарұлы әкесінің өзіне мамандық таңдауда үлкен мән бергенін де жиі айтатын. Мұрат алғашында астроном боламын деп жүреді де, емтихан тапсыра сәт таяғанда жанының гуманитарлық салаға жақын екенін, әдебиет, тарихты қалайтынынын түсінеді. Сөйтіп, он алты жасында М.Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің Шығыс тілдері институтының Қытай филологиясы факультетіне оқуға түседі.

Қытай тіліне келуіне де әкесі себепкер болған екен. «Қытайдың тілінде қазақтың тарихына байланысты көптеген деректер бар, соны үңіліп зерделеу керек», – деген болатын Әуезов. «Көрегендігі ғой, ол кездегі осал Қытайдың болашақта іргелі елге айналатынын болжады. Жоспарлары мықты еді, бірақ мен оқуымды аяқтамай дүниеден кете барды. Әкемнің сенімінен шығуға барынша тырыстым», – деп жазады Мұрат Әуезов «Ділім» атты кітабында.

«ЖАС ТҰЛПАР»

Мұрат Мұхтарұлының жоғары оқуға түскен уақыты Кеңес Одағында жеке басқа табынушылық әлсіреп, жергілікті ұлттардың өз тарихы мен мәдениетін ұлықтауға бет бұра бастаған кезең болатын. Міне, дәл осы сәтте, яғни 1963 жылы Мәскеуде Мұрат Әуезов, Болатхан Тайжан, Алтай Қадыржанов, Әнуар Сартбаев бастап, «Жас тұлпар» ұйымын құрады. «Ұстанған максатымыз – отаршылдық саясатқа қарсы шығып, ұлттық сана-сезімді қалыптастыруға үлес қосу. Ол кезде бұлайша атой салу – өзіңе-өзің қару кезенгенмен бірдей болатын. Қиналған

кезде әкем түсіме енетін. Әкемнің бір жылы жымиысы болатын. Түсіме сол қалпында енуші еді. Сол жымиған қалпы. Оның жүзінен: «Қамықпа балам. Бәрі жақсы болады» деген рай байқайтынмын. Ылғи да солай. Әкем түсіме енсе, барлық шаруаларым дөңгеленіп жүре береді», – дегені бар Мұрат Мұхтарұлының естеліктерінде.

Жастұлпарлықтар үгіт-насихат бригадаларын құрып, Жамбыл, Шымкент, Қызылорда облыстарын, Тын өлкесін аралап, концерттер қойып, тақырыптық лекциялар ұйымдастырып, мәдени-ағартушылық жұмыстар атқарды. Сондай-ақ, Мәскеу, Ленинград қалаларының көптеген өңірінде де дәрістер оқып, өнер кештерін ұйымдастырды. 1969 жылы Мұрат Әуезов Мәскеуде Ғылым академиясының аспирантурасын бітіріп, «Қазақтың ұлттық ерекшеліктері» деген тақырыптағы диссертациясын қорғап, елге, Алматыға асыға оралады.

Тағы да сол жастұлпарлықтар жиналып, Алматыда зиялы орта құрады. Мұрат Әуезовтің басшылығымен олар көшпенділердің эстетикалық мұрасын жан-жақты зерттеп, мақалалар жинағын дайындайды. 1973 жылы Алматыда Азия және Африка елдері жазушыларының V конференциясы өтеді. Олжас Сүлейменов, Әнуар Әлімжанов, Мұрат Әуезов, Болатхан Тайжан бастаған жастұлпарлықтар аталған құрлық жазушыларының 50-ден аса шығармасын қазақ тіліне аударып шығады.

МӘДЕНИ МҰРА

Мұрат Әуезов Ш.Айманов атындағы «Қазақфильм» киностудиясында бас редактор болып жұмыс істеп жүрген жылдары қазақтың кино өнеріне де тың серпіліс әкелді. 80-жылдардың аяғында Қазақстан Жазушылар одағында құрылған Көркем аударма және әдеби өзара байланыстар алқасын басқарған жылдары да тың идеяларымен көзге түсті. Сол жылдары әдеби шығармаларды орыс тілі арқылы емес, тікелей қазақ тіліне аудару жағына ден қойылып, оған арнайы аудармашылар дайындалды.

Мұрат Әуезовтің 1992 жылы Қазақстан Республикасының Қытай Халық Республикасындағы тұңғыш елшісі болып тағайындалуы да оның өмір жолындағы үлкен бетбұрыс болды. Сол кезеңде талай жылдардан бері шешілмей келе жатқан Қытай мен Қазақстан шекарасы ресми түрде айқындалды. Сонымен қатар, Абай туындылары қытай тілінде «сөйлей» бастады. Жастұлпарлықтардың тағы бір жарқын қолтаңбасы – «Мәдени мұра» бағдарламасы. Олар бұл бағытта ең бірінші кезекте еліміздің тарихи-мәдени процесін тұтас қозғалыстар тарихы ретінде қарастырды. Осы бағдарлама нәтижесінде бабаларымыздың даңқы жаңғырды.

БАҚҰЛ БОЛЫҢЫЗ!

Мұхтар ҚҰЛ-МҰХАММЕД, мемлекет және қоғам қайраткері:
– Асылдың сынығы десек те, тұлпардың тұяғы десек те жарасатын асыл адаммен қоштасып отырмыз. Мұхтар Әуезовтің төрт ұлы болған. Алғашқы үшеуі ерте шетінен кеткен. Сонда ұлсыз өтем бе деп жүргенде, Фатима апамызбен кездесіп, көңіл жарастырып, өмірге Мұраттай ұл келеді. Әуезов Мұратты анасының құрсағына біткен сәттен бастап-ақ аялаған. Мұраты хат танымай жатып-ақ оған «алтын балам», «алтын балақай» деп хат жазған. Сол алтын баласы әке сенімінен шыға білгеніне өздеріңіз куәсіздер. Мұрат Мұхтарұлы әкенің, қазақ қоғамының өзіне тапсырған миссиясын толығымен орындады.

Нұртөре ЖҮСІП, ҚР Сенатының депутаты:
– Мұрат Мұхтарұлы өте жұмсақ, биік парасатқа ие ерекше адам болатын. Ешкімді ренжітіп алмасам екен деп тұратын. Көңілдерді аялай білетін. Ешқашан уақытым жоқ дегенді айтпайтын, үлкен-кішіге тең қарайтын. Мен ол кісімен көп араластым. Әлдекімде дөрекі сөйлеп немесе дауысы қатты шығып жатқанын ешқашан көрмеппін. Өте білімді, асқан зиялы тұлға еді. Біздің көңілімізде осындай биік қалпында сақталады.

Мереке ҚҰЛКЕНОВ, Қазақстан Жазушылар одағының төрағасы:
– Біз бүгін ұлының ұлын, ғұламаның ғұламасын мәңгілік сапарға шығарып салып отырмыз. Мен оны неге айтып отырмын? Осыдан 63 жыл бұрын, 1961 жылы Мұхтар Омарханұлын шығарып салған жоқ сияқтымыз, дәл бүгін шығарып салып отырған сияқтымыз. Мұрат ағамыз ұлы әкесінің ең жақсы қасиеттерін бойына сіңіре білген тұлға. Әкесінің мейірімін, елге, жерге деген сүйіспеншілігін және білімін сіңірген. Сондықтан да елінің махаббатына бөлене білді. Бұл – орны толмас қайғы. Біз Мұрат ағамызды ұмытпаймыз.

P.S:

Мұрат Мұхтарұлы Алматының орталығындағы Райымбек даңғылы бойындағы зиратта жатқан әкесі Мұхтар Әуезовтің қасына жерленді.

ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

ЕСКІ ҚҰБЫРЛАР
ЖАҢАРЫП ЖАТЫР

Алматыда 25 жыл бойы пайдаланылған жылу магистралі қала әкімінің тапсырмасымен жаңартылады.

Кұралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Алматының Әуезов ауданында ескірген құбырлар ауыстырылады. Жұмыс сапары барысында Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев Әуезов ауданындағы жылу магистралін қайта жаңарту барысын тексерді.

2023 жылдан бері жүргізіліп келе жатқан және 2024 жылдың қыркүйегінде аяқталуға тиіс екі жылдық жобаны жүзеге асыру аясында 1838 метр құбыр ауыстырылады. Диаметрі 700 мм болатын қайта жөндеуге жататын жылу магистралі 1991 жылдан бастап пайдалануға берілді және өзінің 25 жылдық нормативтік мерзімін өтеді. Соңғы бес жылда құбырда 20-ға жуық ақау тіркелді.

Магистраль Ұлықбек даңғылы мен Шалапин көшесінің арасындағы Кіші Саин көшесінің бойымен батыс жағында.

2023 жылы 583 метр құбыр салынды. Биыл құрылыс мамыр айынан бастап жалғасты және қазіргі уақытта жалпы жұмыс көлемінің 18%-ы орындалды.

Құбыр 400-ден астам көпжәгерлі үйдің, 4 балабақшаның және аталған көшелердің аумағында орналасқан 105 жеке тұрғын үйдің тұрғындарын жылумен және ыстық сумен қамтамасыз етеді. Қайта жаңарту осы учаскедегі жылу шығынын, тозуды және апатты азайтуға мүмкіндік береді.

ӘКІМ

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев жұмыс сапары барысында Наурызбай ауданындағы полицияның сервистік орталығына барды. Бұл орталықта азаматтарды қабылдау 23 маусымда басталады. Барлық ауданда қала әкімдігінің жобалық офисінің қолдауымен құрылады.

Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Бүгінгі таңда полиция департаментінің балансына сегіз үй-жай сатып алынып, берілді. Олардың алтауы толық жабдықталған.

«Бұл жоба пилоттық режимде Мемлекет басшысының тапсырмасымен полиция жұмысының сервистік моделіне көшу бойынша іске асырылды, оның негізгі мақсаты – қоғаммен ашық диалог және тұрғындардың сұраныстарына жедел ден қою. Біз үшін азаматтардың құқық қорғау қызметтерін және тыныш жағдайда қажетті құқықтық көмекті алуы үшін қолайлы жағдай жасау маңызды. Тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарына көмек көрсетуге және жасөспірімдер арасындағы қылмыстың алдын алуға ерекше көңіл бөлінді», – деді қала әкімі Ерболат Досаев.

Орталықтарда 55 қызмет түрі көрсетіледі. Мамандар көші-қон және әкімшілік заңнама, құқық бұзушылықтардың алдын алу, отбасыларда зардап шеккен әйелдердің құқықтарын қорғау мәселелерін шешуге көмектеседі. Инспекторлар мен психологтар қабылдайтын жеке кабинеттер болады.

Көші-қон полициясының инспекторлары шетел азаматтарын тіркеу немесе қайта тіркеу бойынша қызметтер

АШЫҚ ДИАЛОГ АЛАҢЫ

Полиция сервистік орталығы
55 түрлі қызмет көрсетеді



көрсетеді, Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге келу немесе кету, азаматтықты алу және тұрақты тұру үшін құжаттарды ресімдейді.

Автокөлік иелеріне ЖКО фактілері бойынша консультациялар беріледі, автокөлікке әкімшілік айыппұлдардың, ауыртпалықтар мен шектеулердің бар-жоғын тексеруге, көлік құралын қайта жабдықтау жөніндегі құжаттарды ресімдеуге көмектеседі.

Орталықтарда заңгерлер, медиаторлар, ішкі істер органдарына оқуға және қызметке қабылдау жөніндегі консультанттар, сондай-ақ қару алып жүруге және сақтауға рұқсат беру жөніндегі қызметкерлер жұмыс істейтін болады.

Азаматтарды қабылдауды уәкілетті құзыретті қызметкерлер – тергеушілер, жедел уәкілдер, учаскелік инспекторлар жүргізеді. Деректер базасы қолжетімді болады. Бұл бұрын берілген

өтінішті қарау барысы туралы білуге немесе жауапкершілікке тарту себептері туралы ақпарат алуға мүмкіндік береді.

Цифрландыру басқармасымен бірлесіп зияткерлік бейнебақылау жүйесі жұмыс істейді. Оның көмегімен жоғалған затты тауып қана қоймай, қылмысты жедел ашып, құқық бұзушылықты анықтауға болады.

Орталықтардың жұмыс кестесі – сағат 9.00-ден 20.00-ге дейін. Сағат 23.00-ге дейін азаматтарды учаскелік полиция инспекторлары қабылдайды. Тұрғындармен тікелей байланыста болатын бұл қызметті дамытуға қала әкімінің тапсырмасы бойынша ерекше көңіл бөлінеді.

Болашақта архивтік анықтамалар мен басқа да қызметтерді растау бойынша полицияның сервистік орталықтарының функционалын кеңейту жоспарда бар.

БРИФИНГ

ЗЕЙНЕТТЕН КЕЙІН ДЕ ЖҰМЫС БАР

Мегаполисте алғаш рет зейнет жасындағы адамдарды жұмысқа орналастыру бойынша «Алтын жас» бағдарламасы енгізіледі

Алматыда қала басшысы Ерболат Досаевтың тапсырмасымен алғаш рет зейнет жасындағы адамдарды жұмысқа орналастыру бойынша «Алтын жас» бағдарламасы енгізіледі. Бағдарламаның мақсаты – жұмыспен қамтуды арттыру және тәлімгердің рөлін нығайту. Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингте «Алтын жас» туралы Алматы қаласы Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы Бауыржан Жаубасов толығырақ тарқатып, айтып берді.

Нұржамал
ӘЛІШЕВА

Бағдарламаға Алматы қаласында тұратын және тіркелген зейнеткерлік жасқа толған зейнеткерлер, сондай-ақ меншік формаларының түріне қарамастан Алматы қаласының жұмыс берушілері қатысады.

Спикердің сөзінше, зейнеткерлерге жалақының 50%-ын жұмыс беруші төлейді, қалғаны жергілікті бюджеттен субсидияланады, бірақ ол ең төменгі жалақыдан аспайды (2024 жылы – 85 мың теңге).

ӨКҚ спикері зейнеткерлік жастағы адамдарды жұмысқа орналастыруда ең көп қажеттілік денсаулық сақтау, білім беру және өнеркәсіп салаларында екенін, оның 47%-ы дәрігер, орта және кіші медициналық персонал, педагог, тәрбиеші, инженер, elektrik, монтер, арматурашы, газ-электр дәнекерлеуші, машинист, экономист, бухгалтер, кассир, т.б. сияқты білікті мамандықтар екенін атап өтті.

Сонымен қатар, Алматы қаласының Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы өкілдері осы бағытта Еуропа мен Азияның кейбір дамыған елдерінің (Германия мен Жапония) халықаралық тәжірибесінің зерттелгенін атап өтті. Зерттеу нәтижесі жақсы. Мәселен, Жапонияда зейнетке шыққан әрбір екінші адам бүгінде еңбек қызметін жалғастырып жүрген көрінеді. Осыған байланысты 2021 жылғы сәуірден бастап заңнамалық негізде міндеттеме енгізілген, оның шеңберінде компаниялар зейнеткерге 70 жасқа дейін жұмыс істей беруіне мүмкіндік беретін жүйені іске қосқан. Осы жүйе шеңберінде бизнес иелері 70 жасқа дейінгі қарттарды жұмыспен қамтып қана қоймай, осы санаттағы кадрлардың айналымына талдау жүргізуге міндетті.

Ал Германияда 2014 жылдан бастап «Мини» зейнеткерлерді жұмыспен қамту форматы іске асырылып келеді. Ол бойынша

уақытша және тұрақты сипаттағы жұмысқа айына 450 евро мөлшерінде ең төменгі жалақы берілетін көрінеді. Осылайша жұмыс берушінің осы бағдарлама аясында болсын немесе өз ықтиярымен болсын, зейнеткерлерді жұмысқа орналастыруға мүдделі болуы қамтамасыз етілген.

Бағдарлама Алматы қаласының Еңбек ұтқырлығы орталығы (Мансап орталығы) арқылы жүзеге асырылады. Жұмыс беруші электрондық пошта арқылы жұмыс орнының бос орнын көрсете отырып, өтінім береді a.jas@almaty.gov.kz және оны электрондық еңбек биржасының онлайн сервисіне орналастырады Elnbek.kz «зейнеткер үшін» деген белгімен. Берілген өтінімдер негізінде Алматы қаласының Еңбек ұтқырлығы орталығы мамандығы, саны, ұзақтығы және жұмыс кестесі, айына еңбекақы мөлшері көрсетілетін ұйымдардың тізбесін жасайды. Зейнеткерлік жастағы адам Алматы қаласының Мансап орталығына жұмысқа орналасу туралы өтінішпен немесе a.jas@almaty.gov.kz электрондық пошта арқылы жүгіне алады. Мансап орталығының қызметкері түйіндеме жасауға және қолайлы жұмыс орнын таңдауға жол көрсетеді және әңгімелесуге жолдама береді.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Бауыржан ЖАУБАСОВ,
Алматы қаласы Жұмыспен қамту және әлеуметтік
бағдарламалар басқармасының басшысы:

Тәжірибе де,
тәлімгер де керек

«Алтын жас» 2024 жылдан 2028 жылға дейінгі кезеңге арналған. Оған биыл кемінде 500 адам, келер жылы – 1000, 2026 жылы 1500 адам қамтылады. 2024 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша Алматы қаласында 2 249 370 адам тұрады, оның 247 844-ы зейнеткер, бұл халық санының 11%-ы. Зейнет жасындағы адамдар үшін жұмыс орындарын құру қажеттілігін білу мақсатында жұмыс берушілер мен зейнеткерлер арасында сауалнама жүргізілген болатын. Зейнет жасына толған 1076 алматылық қатысқан сауалнама қорытындысында 80 жасқа дейінгі 519 адам (48%) жұмыс істеуге ниетті екенін білдірген. Олардың 15%-ы қоғамға пайдалы болуды, 40%-ы өмірлік тәжірибесімен бөлісуді, яғни тәлімгер болуды, ал 45%-ы қосымша табыс табуды көздейді. Мониторинг қорытындысында ведомстволық бағынышты ұйымдар мен жеке кәсіпорындар арасында 1753 адамның жұмысқа орналасу қажеттілігі анықталды.

АЛМАТЫДА АЛҒАШ РЕТ ЗЕЙНЕТКЕРЛЕРДІ ЖҰМЫСҚА ОРНАЛАСТЫРУ БОЙЫНША «АЛТЫН ЖАС» БАҒДАРЛАМАСЫ БАСТАЛАДЫ

БАҒДАРЛАМАҒА ҚАЛАЙ ҚАТЫСУҒА БОЛАДЫ?

Зейнеткерлік жастағы адам	Жұмыс беруші
Тіркеу және түйіндеме жасау Ізденушілердің дерекқорын қалыптастыру Достық даңғылы, 85, 2 қабат, К. 201а +7 708 961 9534 Түйіндемені орналастыру және субсидияланатын жұмыс орнына жолдама беру	Елпай-де жұмыс орнын құруға өтініш беру: a.jas@almaty.gov.kz «Зейнеткер үшін» деген белгісі бар бос орынды орналастыру Аудандық әкімдіктермен және басқармалармен келісім бойынша жұмыс берушілердің тізбесін бекіту

Әңгімелесу

ҚР ЕК сәйкес «АЛТЫН ЖАС» жобасы бойынша еңбек шартын жасау

АЛМАТЫДА АЛҒАШ РЕТ ЗЕЙНЕТКЕРЛЕРДІ ЖҰМЫСҚА ОРНАЛАСТЫРУ БОЙЫНША «АЛТЫН ЖАС» БАҒДАРЛАМАСЫ БАСТАЛАДЫ

Қатысушыларға жалақы субсидияланады:

жұмыс беруші кемінде 50%	жергілікті бюджет айына 85 мың теңгеден аспайды
Зейнеткерлік жастағы адамдардың бағдарламаға қатысу мерзімі 36 айдан аспайды.	Бағдарлама Алматыда тұратын және іркелген зейнеткерлерге арналған

Қаржыландыру жоспары:

500 орын	1000 орын	1500 орын
2024 ж	2025 ж	2026 ж

Сауалнама деректері бойынша жұмысқа орналасу қажеттілігінің ең көп саны мына салаларда екені анықталды:

- Денсаулық сақтау (дәрігерлер, сәтті және емес мамандықтар)
- Білім беру (психологтар, ағартушылар, тәрбиешілер)
- Өнеркәсіп (инженерлер, монтерлер, арматурашылар, газ-электр дәнекерлеушілер)

реді. Жолдама берілгеннен кейін зейнеткер жұмыс берушімен әңгімелесуден өтеді, ол сәтті өткен кезде Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес еңбек шарты жасалады. Жұмыс беруші Алматы қаласының Еңбек ұтқырлығы орталығына жұмысқа қабылдау туралы бұйрықты және «Алтын жас» бағдарламасына қатысушының еңбек шартының көшірмесін ұсынады.



«ХАЛЫҚ ҚАТЫСАТЫН БЮДЖЕТ»

ШАҒЫН БАҚ – ШАҒАР ШЫРАЙЫ

Тағы бір қараусыз қалған бос жер демалыс орнына айналды



Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Басы 1-бетте

Алматыдағы тағы бір қараусыз қалған бос жер жайлы қоғамдық кеңістікке айналды. Алматының Наурызбай ауданындағы жаңа скверге күн сайын 800-ге жуық бала барады. Бұрын бұл учаске қараусыз қалған бос жер болған, ал қазір «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасының арқасында қала тұрғындарының бос уақытын өткізетін әдемі және ыңғайлы кеңістікке айналды. Күн сайын алаңға 1000-ға жуық адам келеді, олардың 800-ге жуығы балалар мен жасөспірімдер.

Келушілерге жайлы болу үшін 2 мың шаршы метр жаяу жүргіншілер аймағы абаттандырылды, 17 балалар ойын кешені мен 13 спорттық тренажер орнатылды, баскетбол-волейбол алаңдары, футбол алаңы, теннис үстелдері бар. Сонымен қатар, 400-ден астам жасыл желек отырғызылды, автоматтандырылған суару жүйесі орнатылды, жаңбыр суын бұру үшін арық жүйесі жабдықталды.

Қоғамдық кеңістік құрылысының нәтижелерін тексеру барысында Ерболат Досаев жергілікті тұрғындармен әңгімелесті, олар осы жобаны жүзеге асырғаны үшін әкімге алғыстарын білдірді.

– Жыл сайын біздің ауданда жаңа демалыс алаңдары салынып жатқанына қуаныштымыз. Бұрын бұл учаске қараусыз қалған, мұнда белгілі бір тұрғылықты жері жоқ адамдар тұратын. Қазір бұл заманауи алаң, барлығы ыңғайлы. Біз мұнда балалармен келеміз, серуендейміз. Жаңа кеңістікте түрлі жастағы адамдар демала алады. Кішкентай балалар үшін тіпті көңілді жер – түрлі ойын кешендері өте көп, олар күндіз-түні осында ойнайды. Мұнда жасөспірімдер мен жастар спортпен шұғылдана алады. Зейнеткерлер де осында демалады. Осы жерде патрульдеуді күшейтуді сұраймыз», – деді Наурызбай ауданының тұрғыны Эәуреш Мұстафаева.



● ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

«Халық қатысатын бюджет» (ХҚБ) аясында Наурызбай ауданында биыл барлығы 2,5 млрд теңгеге 40 жоба іске асырылатын болады.

Өз кезегінде Ерболат Досаев Наурызбай ауданында қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін бейнемониторинг жүйесінің (АӨСШК) 600 камерасы орнатылатынын атап өтті. Олардың үшеуі жаңа алаңға орналастырылған. Камералардан бейнематериалдар бірден қала полициясына келіп түседі.

«Менің тапсырмам бойынша мұнда тағы 4 камера орнатылады. Осылайша біз тұрғындардың толық қауіпсіздігін қамтамасыз етеміз. Біз жаңа форматтағы сквер

салдық. Мұнда әртүрлі ойын және спорт алаңдары, кіші сәулет пішіндері, соның ішінде ағаштан жасалғандар бар. Бірте-бірте біз жергілікті тұрғындардың жайлы өмір сүруі үшін жаңа қоғамдық кеңістіктер құрып, жақсартатын боламыз. Мысалы, Біз Қарғалы өзенінің жағасында серуендеу аймағын құруды жоспарлап отырмыз», – деді қала басшысы.

● ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

Жалпы, Алматыда ағымдағы жылы «ХҚБ» жобасына 18,8 млрд теңге бөлінді, бұл өткен жылмен салыстырғанда, 5,8 млрд теңгеге көп. Қала тұрғындары аулаларды, қоғамдық кеңістіктерді абаттандыру, спорт және ойын алаңдарын құру бойынша 364 жобаны ұсынуға және іске асыруға мүмкіндік алады.

● АЛМАТЫ ӨЗЕНДЕРІ

ҚАРҒАЛЫНЫҢ ЖАҒАСЫ ҚАЙТА ЖАЙҚАЛАДЫ

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев жұмыс сапары барысында Наурызбай ауданындағы Қарғалы өзенінің жағалауын қайта жарақтау жұмысы барысымен танысты.



Айнабай
МӘДІ

Қаламыздағы Қарғалы өзенінің жағалауында саябақ пайда болады. Нақтырақ айтсақ, селден қорғау бөгетінен Жандосов

көшесіне дейінгі ұзындығы 7,7 шақырым учаске абаттандырылып, жаңғыртылады. Осыған байланысты Наурызбай ауданының әкімі Назира Тоғызбаева қала басшысына есеп берді. Мұндағы жобада жаяу жүргінші аймағын жайластыру, сыртқы жарықтандыру желілерін орнату, суару жүйесін салу, 6 көпір өткелі, балалардың ойын және спорт алаңы, көше жиһаздарын орнату қарастырылған. Сондай-ақ, 3 мың жапырақты және қылқан жапырақты ағаштар отырғызылады. Барлық құрылыс жұмысын осы жылдың соңына дейін аяқтау жоспарлануда.

– Өзен арнасы тазартылады. Жалпы алаңы 3,7 мың шаршы метр болатын тротуар төсемі жасалады. Тұрақ алаңы – 2 мың шаршы метрден астам, көгалдан-

дыру-аумағы 3,8 гектардан асады. Келушілердің жайлылығына орай, 135 орындық пен қоқыс жәшігін орнату жоспарлануда, – деп атап өтті Н.Тоғызбаева.

Жобаның маңызды бөлігі – балалардың спорт алаңы, жаяу жүргінші жолдары мен өзен жағасында демалу мүмкіндігі бар жаңа қоғамдық кеңістік құру. Балаларға арналған құмсалғыш пен су аймағы, сондай-ақ орындығы пен үстелі бар, әрі ата-аналарға арналған демалыс аймағын құру жоспарлануда.

Қала әкімі Ерболат Досаев модернизация кезінде сапалы құрылыс материалдарын пайдалану маңызды екенін атап өтті. Мегаполис басшысы түрлі ерекшелігі мен қажеттілігі бар балалардың қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін ойын алаңдарында инклюзивті элементтерді қарастыруды айрықша айтты.

Көпір жолдарын қайта жарақтау барысында жаяу жүргінші мен велосипедшілердің қауіпсіздігіне, қолжетімділікке ерекше мән беріледі. Сондай-ақ, жалпы ұзындығы 2,7 км суармалы су құбыры жасалады. Іске асып жатқан жоба Қарғалы өзенінің жағалауын қала шегіндегі бірегей табиғи саябаққа айналдырады. Қайта жарақталып жатқан учаскеге барған кезде қала басшысы бірқатар кемшілікке назар аударып, іргелес аумақты ретке келтіруді, қала тұрғындарының ыңғайлы өтуі үшін жаяу жүргінші жолдарын салуды, Қарғалы өзенінің арнасын зерттеуді аяқтауды, үйлердің нөмірленуін жүйелеуді тапсырды.

Шаһар басшысы Ерболат Досаев айтылған ескертулерді естен шығармауды, белгіленген кестеге сәйкес жұмысты жалғастыруды жүктеді. Бұдан бұрын Жетісу ауданында Есентай өзенінің жағалауын абаттандыру жұмысы басталды. Жағалаудың жалпы ұзындығы 1200 метрге жетеді. Қайта жарақтау аясында өзен арнасы тазартылып, серуендеу аймағы құрылады.

● САНДАР СӨЙЛЕЙДІ



2024 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша Алматы қаласында
2 249 370
адам тұрады.



Биыл Алматыда
16 000-ға жуық
түлек мектеп бітірді.



Мегаполисте
247 844
зейнеткер бар.



Биыл «Жасыл ел» жобасы аясында
2100 жас
уақытша жұмыспен
қамтылады.




Наурызбай ауданында «Халық қатысатын бюджет» аясында
2,5 млрд теңгеге
40 жоба іске асырылады.



Әуезов ауданындағы
1838 метр
болатын құбыр
ауыстырылады.

Әзірлеген Құралай ЖҰМАДІЛОВА.





ІЛТИПАТ

ҒАСЫР ЖАСАҒАН МАЙДАНГЕР

Шаһар басшысы Ұлы Отан соғысының ардагері Шәңгерей Жәнібекұлын мерейтойымен құттықтады

Ұлы Отан соғысының ардагері Шәңгерей ЖӘНІБЕКОВ 100 жасқа толды. Ғасыр жасаған қария Мемлекет басшысының Жарлығымен І дәрежелі «Барыс» орденімен марапатталды.



Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев ақсақалға арнайы барып, Мемлекет басшысының сәлемі мен құттықтауын, жылы лебізін жеткізді.

«Өзіңізді отандастарымыз көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, майдангер, ұлтжанды азамат ретінде жақсы біледі. Өмірлік ғұмырнамаңызда Екінші дүниежүзілік соғысқа қатысып, бейбіт жылдарда еңбек жолыңызды денсаулық сақтау, ауыл шаруашылығы сияқты маңызды салалардан бастап, түрлі саяси-әкімшілік қызметті абыроймен атқардыңыз», делінген Президенттің құттықтауында. Сондай-ақ, өскелең ұрпақтың ғасыр жасаған ғибратты ғұмыр иесі, өнегелік жан ретінде ерекше қадірлейтіні айтылған.

Қала әкімі Шәңгерей Жәнібековке 1941–1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысында көрсеткен ерлігі мен жанқиярлығы, мемлекеттік және қоғамдық қызметке белсенді араласқаны үшін Мемлекет басшысының Жарлығымен берілген І дәрежелі «Барыс» орденін табыс етті.

Премьер-министр Олжас Бектенов ардагерге өзінің құттықтауын жолдады, ол Шәңгерей Жәнібекұлының сіңірген еңбегін, қоғамның дамуына және Қазақстанның қалыптасуына қосқан үлесін атап өтті.

Ерболат Досаев ардагерге соғыста көрсеткен жауынгерлік ерлігі үшін ризашылығын білдіріп, елдің даму жолындағы қажырлы еңбегі үшін алғыс білдірді. Ол майдангердің өмір жолы батылдықтың, ерліктің және борышқа деген адалдықтың үлгісі екенін атап өтті.

— Екі жыл бұрын Жеңіс күнінде мен сіздің 100 жылдық мерейтойыңызға келетінімді айтқан едім. Бүгін сізді осы тамаша мерейтоймен құттықтап, Мемлекет басшысының ақжарма тілектері мен жүрекжарды лебізін жеткізіп, Сізге лайықты марапат тапсыру мен үшін үлкен мәртебе. Аман болыңыз! Жакындарыңызға бақыт пен жақсылық тілеймін, — деді қала әкімі.

Өз кезегінде Шәңгерей Жәнібекұлы Мемлекет басшысы мен Премьер-министрге аға ұрпаққа көрсеткен құрмет пен қамқорлығы үшін алғыс білдіріп, барша қазақстандыққа ашық аспан тіледі.

Айта кетейік, өткен сенбі күні ғасыр жасаған қарияны мерейтойымен Медеу ауданы әкімінің орынбасары Айдос Нұрлыбаев, Ал-

маты қаласы Ардагерлер кеңесінің төрағасы Ақан Бижанов, Десанттық-шабуылдау әскерлері қолбасшысының орынбасары, полковник Раджан Жанысов, Медеу ауданы Қорғаныс істері жөніндегі басқарма бастығы, подполковник Бекмұрза Жүсіп және «Қарулы Күштердің ардагерлері» РҚБ Алматы филиалының төрағасы, отставкадағы полковник Төлеген Мұстафин, ардагердің замандастары мен балалары да құттықтаған болатын.

Ашық аспан астындағы әдемі жүздесу әскери оркестрдің сүйемелдеуімен туған күн иесін қарсы алудан басталып, қонақтар ғасыр куәгеріне ізгі тілектерін айтып, гүл шоқтары мен тәттілер салынған себеттер тарту етті.

Кеш шымылдығын ашқан Ақан Бижанов карт майдангерге жүрекжарды лебізін білдірді.

— Ғасыр жасап, көпті көрген қариясыз. Сонау соғыстың зұлмат жылдары етігіңізбен қан кешіп, ерен ерлігіңізбен Отанымызды қорғадыңыз. Сіздей батырларымыздың арқасында бүгінгі жас ұрпақ көк аспан мен Көк Тудың астында бейбіт өмір сүріп келеді. Сол өмірлік ерліктеріңіз үшін алдыңызда бас иеміз! Сіздің өмір жолыңыз, еңбекпен өрілген табысты да жемісті қызметіңіз жастарға үлгі. Алматылық ардагерлер атынан Сізді туған күніңізбен құттықтаймыз, — деді Алматы қаласы Ардагерлер кеңесінің төрағасы. Салтанатты басқосуда Қазақстан Респуб-

ликасының Қорғаныс министрі Р.Жақсылықовтың, Қазақстан Республикасы Қарулы күштері десанттық-шабуылдау әскерлерінің қолбасшысы А.Джумакевтің, Қостанай облысының әкімінің құттықтау хаттары оқылып, табысталды.

Іс-шара соңында мерейтой иесі Шәңгерей ата өзіне көрсетілген құрмет үшін ризашылығын білдіріп, ақ батасын берді.

Шәңгерей Жәнібеков 1924 жылы 15 маусымда Қостанай облысы, бұрынғы Денисов ауданы, Красноармейскі округы, Қарпық ауылында дүниеге келген. 1942 жылдың қыркүйегінде Қостанай медициналық училищесін бітіргеннен кейін Кеңес армиясы қатарына шақырылған.

II Украин және Брянск майдандарына қатысып, Полтава, Кировоград, Кременчуг, Харьков, Белгород, Украина, Молдова, Австрия, Венгрия, Румыния және Чехословакияны жаулардан азат етуге қатысты. Жеңіс күнін Австрияда қарсы алды.

Запаса шыққан соң Қостанай аудандық еңбекшілер депутаттары кеңесінің денсаулық сақтау бөлімінің меңгерушісі болып жұмыс істеді. Қазақ КСР Министрлер Кеңесі төрағасының орынбасары қызметін атқарды, онда мәдениет, халыққа білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, баспа қызметі, бұқаралық ақпарат құралдары және спорт қозғалысы, шығармашылық одақтар

және басқа да қоғамдық ұйым мәселелерімен айналысты. 1985 жылдан бастап жасына байланысты зейнетке шықты. 1985 жылдың тамызынан 1993 жылдың желтоқсанына дейін «Қазақстан қоғамы» шетелдегі қазақтармен мәдени байланыс жөніндегі республикалық қоғамды басқарды.

1987 жылдың наурызынан 1990 жылдың наурызына дейін Қазақ республикалық соғыс және еңбек ардагерлері кеңесінің төрағасы, содан кейін 2001 жылдың наурызына дейін осы Кеңестің Төралқа мүшесі болды. 1995 жылдан 1998 жылға дейін Қазақстан халықтары Ассамблеясының мүшесі болды. Республиканың әртүрлі делегацияларының басында Моңғолия, Алжир, Австрия, Филиппин, Ирак, Ауғанстан, Вьетнам, Иран және делегация мүшесі ретінде Чехословакияда болды.

Шәңгерей Жәнібеков ғылым мен мәдениетті, әдебиет пен өнерді дамытуға, елдің рухани және зияткерлік әлеуетін арттыруға қосқан баға жетпес үлесі үшін көптеген марапаттарға ие болған. Ол Қазан төңкерісі, II дәрежелі Отан соғысы орденімен, Еңбек Қызыл Ту орденімен, «Ерлігі үшін» екі медалімен, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамоталарымен және басқа да еңбек сіңірген нағарадаларымен, «Құрмет», «Парасат» ордендерімен марапатталған. 2017 жылы Шәңгерей Жәнібековке «Алматы қаласының Құрметті азаматы» атағы берілді.



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.



ТАЗАРҒЫҢ КЕЛСЕ, ТЕАТРҒА БАР

«АҚСАҚ ҚҰЛАН» АЛҒАШ САХНАЛАНДЫ

«Алатау» дәстүрлі өнер театрының қоржыны тағы бір қойылыммен толықты. Театр ұжымы бұл жолы аңызға айналған «Ақсақ құлан» туындысын сахнаға шығарды. Аңызға негізделген тарихи оқиғаны есте, театрда артық ештеңе түсіндіріп бере алмасы анық. Содан болар, көрерменнің қарасы да қалың болды.



Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Қойылым алдында БАҚ өкілдерінің қатысуымен баспасөз конференциясы өтті. Жас режиссер Арухан Темірбекқызының үлкен сахнадағы алғашқы тырнақалды еңбегі көрерменге өзгеше қырымен ұсынылған. Феерия жанрындағы қойылымды көріп, қазақтың күйшілік өнеріндегі ең көне туынды – «Ақсақ құлан» күйінің шығу тарихынан мәлімет алдық. Жалпы, феерия – бұл фантастикалық қойылымға бағытталған театр жанрының бір түрі. Қазақ театрларында бұл жанрдағы қойылымдар көбіне ойды абстрактілеп айту арқылы жеткізеді. Осы уақытқа дейінгі қойылымдар нағыз феерия дәрежесіне жете қоймаған еді. Сондықтан «Ақсақ құланды» өнердегі жаңа құбылыс деуге әбден болады. Феерия жанрының ерекшелігі – фантастиканың әртүрлі элементтері бар туындыларды сахналауға ыңғайлылығында.

Әдетте, қойылым сахналанған сайын мың құбылып, мінсіз бола түсетіні бар. Бірақ бұл жолы туындының тұсаукесері халық назарына ә дегеннен-ақ әсемдікпен ұсынылды. Заманауи жаңашылдықты қолдана отырып, бостандық пен әділдік үшін күресті суреттейді. Талғамы биік көрермен қойылым аяқталған соң тік тұрып, қол шапалақтады. Театр ұжымына риясыз алғысын осылай білдірді.

Аңыздағы Құлан – даналық пен рухтың символы. Құланның құлынынан айырылуы адамның өз баласынан айырылғанындай қайғымен тең екенін көрсетеді. Қойылым Кетбұға күйшінің қолына домбырасын ұстап, көрермен залынан ақсақтай басып, ақырын сахнаға қарай келуімен басталады. Кетбұға қойылым бойы ақсаңдап жүреді. Күйші неге ақсақ?! Тарихта Кетбұға ақсақ болмаған. Осы жерде режиссердің ұтымды шешімі – құлан мен күйшінің байланысын сахнада ойната білуі. Екіншіден, қойылымдағы көріністердің дені пластика секілді элементтер арқылы берілген. Спектакльдің пластика режиссері Адлет Таменов оқиға мен би сахналарының арасынан ғажап үйлесім тапқан. Әсіресе, құландар мен қасқырлардың айкасы әсерлі болды.



«Ақсақ құлан» күйінің шығу тарихын домбырамен байланыстырып жатады. Көп айтылмайтын, ұмытылып бара жатқан оқиғаның бірнеше нұсқасы бар. «Кімде-кім ұлымның өлімін естіртсе, көмейіне қорғасын құямын!». Хан осылай деп жарияға жар салады. Кетбұға күйші ғана домбырасын алып, қаралы хабарды күй тілімен жеткізеді. Ол ханның алдында күй тартқанда, қара домбыраның үнінен «Балаң өлді, Шыңғыс хан!» деген сөздер шыққандай болады. Ханның көз алдына баласының қалай қайтыс болғаны елестейді. Сонда хан: «Балам өлген екен ғой, мына кісінің көмейіне қорғасын балқытып құйыңдар!» деп жарлық береді. Бізге жеткен аңыз бойынша ертеде домбыра үш ішекті, көмей тесігі болмаған деп жазылған. Домбыраның қақпағынан көмей тесігін жасап, қорғасын ерітіп құйғызыпты. Содан бастап домбыраның көмей тесігі пайда болған екен деседі. Бұл күй ел арасына «Ақсақ құлан», кей жерлерде «Ақсақ құлан, Жошы хан» деген атпен тарап кеткен.

«Театр саласында 50 жылға жуық қызмет етемін. Дәстүрлі өнер театры ашылып, қазақ өнерінің көзі ашылғандай болды. Бұл жас театрдың шарықтайтын биік шыңы әлі алда. Ашылғанына небәрі 7-8 жыл болса да, үлкен жетістіктерге жетіп жатқанына куәміз. Бұл театр қазақтың төл өнерін шетелге шығаруы керек. Театр сахнасында қойылған «Әнші Мұхит», «Мәмлүк. Сұлтан Бейбарыс», енді міне, бүгінгі «Ақсақ құлан» сынды төл шығармалар желісімен сахналанған қойылымдар көбейе берсін!», – деді Қа-

зақстанның еңбек сіңірген артисі Сансызбай Қарабалин.

Ал театртанушы Амангелді Оразбайұлының айтуынша, қазір театр – саясат пен өнерді насихаттау құралы. Кеңестік кезеңде көп нәрсені саясаттың, идеологияның құралы деп келдік. Біз – жас мемлекетпіз. Осындай

мәселелерді театр сахналаса, құба-құп деп білеміз. Былтыр Алтын орда дәуірін зерттеу институты құрылды. «Ақсақ құлан» – дәстүрлі театрдың дәстүрлі емес спектакльдерінің бірі. Басты идея – соғыс және бейбітшілік. Айналамызда болып жатқан мәселелерді шебер жеткізе білген.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Арухан ТЕМІРБЕКҚЫЗЫ,
қоюшы-режиссер:

Тоғыз ай дайындалдым

«Ақсақ құлан» – кәсіби сахнадағы алғашқы жұмысым. Қанымызбен келе жатқан асыл мұрамызды дәл осы дәстүрлі театрда қойғаныма өте қуаныштымын. Феерия жанры неге таңдалды десеңіз, мен режиссер ретінде көрерменнің жүрегіне өзгеше жол табуым керек. Оған біраз уақытым кетті. «Ақсақ құлан» оқиғасын домбыраның үні жырлайды. Домбыраның әсем тілін көрерменге жеткізу керек болды. Сондықтан таңдауым осы феерия жанрына түсті. Дәл осы аңызды сахналау театрдың да жылдық жоспарында болған екен. Бірақ мен театрға келгенде оны білмедім. Мен үшін тосын сый болды. Себебі, мен оған дейін осы қойылымға тоғыз ай дайындықпен келдім. Сәуір айында театрға келгеннен кейін бірден жұмысты бастап кеттік. «Ақсақ құлан» аңызының үні сахнамызда ғана емес, санамызда да жаңғырмақ. Қысқасы, қолымыздан келгенше әсемдікті көрсеткіміз келді.

Өздеріңіз білесіздер, бұл аңыздың бірнеше нұсқасы бар. Қойылымда Құлан-ана мен баласы туралы жырлаймыз. Ана құлан мен Шыңғыс ханның баласынан айырылғаны баяндалады. Ең үлкен трагедия – көзі тірісінде баласының өлімін көру. Қойылымның басында Бөрте былай дейді: «Халықты қылышпен қорғай алсаң да, қылышпен басқара алмайсың. Халықтың көзінен не көргің келеді?! Өз тозағыңды ма, жұмағыңды ма?». Ең бастысы, әлемге қандай ниетпен келсең, сол ниет саған кері оралатынын жеткізгім келді...

Суреттерді түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.



ЖАҢА ҒИМАРАТ

Ерболат ДОСАЕВ:

«БАЛАЛАР
ДЕНСАУЛЫҒЫ ЖЕКЕ
БАҚЫЛАУЫМДА»

Алматыда Қазақ көз аурулары ғылыми-зерттеу институтының жаңа ғимараты ашылды. Қала басшысы Ерболат Досаев жаңа корпусты аралап көрді. 90 жылдық тарихы бар көз аурулары институты бүгінде Қазақстан мен Орталық Азия өңіріндегі офтальмологиялық қызметтің флагманы.

Қазақстандықтардан басқа, жүздеген науқас алыс және жақын шетелдерден емделуге келеді. Жаңа ғимаратта офтальмодиагностика бөлімшесі, консультативтік-оналту бөлімшесі, рефракциялық хирургия бөлімшесі, лазерлік хирургия және ортокератология кабинеттері, сондай-ақ тәулік бойы жұмыс істейтін 30 орынды стационар орналастырылған. Ерболат Досаев балаларда кездесетін көз ауруларын ерте анықтаудың маңызын атап, кішкентай алматылықтар үшін алыстан нашар көрушілікті емдеудің заманауи әдісін енгізуге қолдау көрсетуді ұсынды.

«Қала тұрғындарының, әсіресе, балалардың денсаулығы мен өмір сапасы маңызды мәселе, бұл менің жеке бақылауымда», – деді Ерболат Досаев.

Тақырыпқа орай айта кетсек, институтта жыл сайын 250 000-нан астам адам тексеріліп, ем қабылдайды, 20 000-нан астам ота жасалады. Сондай-ақ, шаһар басшысы қалалық кардиоорталықтың жұмысымен танысты. Онда операциялық блок пен реанимация бөлімшесі жаңғыртылған. Кардиологияда жаңа тәсілдер енгізілген TAVI орталығы ашылды. Енді дәстүрлі хирургиялық әдістерге қарсы көрсетілімі бар науқастар көмек ала алады.

КЕРЕК КЕҢЕС

ҚАН ҚЫСЫМЫ
ҚАУІПТІ...

Адамда қан қысымының жоғары болуы өте қауіпті. Сондықтан қан қысымын бақылау және алдын алудың маңызы зор. Осы орайда Кардиология және ішкі аурулар ҒЗИ кардиология және оңалту бөлімшесінің кардиолог-дәрігері Наталия Гордина «Қан қысымын өлшеу – бұл жүрек-қан тамырлары жүйесінің саулығын бақылаудың маңызды процедурасы» дейді.



Гипертония – бұл симптомдары байқалмайтын, бірақ инфаркт пен инсульт сияқты ауыр асқынуларға әкелуі мүмкін қауіпті сырқат. Есіңізде болсын, әрқайсысымыз өз денсаулығымызды қорғау қадамдарын жасай аламыз, олар:

- қан қысымын бақылау;
- жеміс, көкөністерге және дәнді дақылдарға бай пайдалы тағамдарды тұтыну;
- үнемі дене шынықтырумен шұғылдану;
- тұзды тағамдарды, алкогольді тұтынуды шектеу;
- темекі шегуден аулақ болу және стресті басқара білу.

Сондай-ақ, дәрігер нақты нәтижеге жету үшін келесі ережелерді сақтау маңызды дейді.

Өлшеуге дайындық:

- артқы тірегі бар ыңғайлы орындықта отырып, тыныш ортада қан қысымын өлшенің;
- жаттығудан, стрестік жағдайлардан, темекі шегуден, кофеиннен немесе тамақтан кейін бірден қысымды өлшемеңіз кем дегенде 30 минут күтіңіз;
- өлшеу алдында дәретханаға барыңыз, өйткені толық қуық нәтижеге әсер етуі мүмкін.

– тік отырыңыз, аяғыңызды айқастырмаңыз немесе көтермеңіз.

– қан қысымы өлшенетін қол босаңсып, үстелге жүрек деңгейінде орналасуы керек.

Өлшеу процесі:

- қолыңыздың өлшеміне сәйкес келетін дұрыс манжетті қолданыңыз, сәйкес емес манжет қате нәтиже беруі мүмкін;
- шынтак бүктемесінен шамамен 2-3 см шегініп, манжетті иыққа сырғытыңыз;
- манжет қолыңызға тығыз орналасуы керек, бірақ тым тығыз болмауы керек;
- өлшеу кезінде қозғалмаңыз немесе сөйлемеңіз.

Өлшеу жиілігі:

- дәлдік үшін қысымды 1-2 минут аралықпен бірнеше рет өлшеп, орташа мәнді есептеңіз;
- динамиканы бақылау үшін күн сайын бір уақытта өлшенің.

Осы ережелерді сақтау қан қысымының нақты нәтижелерін алуға көмектеседі. Қан қысымын тексеріңіз, салауатты өмір салтын ұстаныңыз және белсенді болыңыз. Бүгін өзіңізге жасаған қамқорлығыңыз – ертеңгі денсаулығыңыз!

ИННОВАЦИЯ

ӨМІР СОНДАЙ ЖАРЫҚ

Бір көзі 1% ғана көретін науқасқа сәтті ота жасалды



Орталық қалалық клиникалық аурухана ота жасаудың жаңа – аутоплазманы енгізу арқылы эпиретинальды мембрананы жою әдісін қолдана бастады. Жақында осындай операция сәтті аяқталды. Бұл инновациялық процедура макуланың толық немесе толық емес жыртылуы орын алған витрео-макулярлы тарту синдромы бар науқастарды емдеуге арналған.

Витрео-макулярлы тарту синдромы – дененің шыны тәрізді макулаға, тордың орталық бөлігіне қалыптан тыс тартылуымен сипатталатын ауру. Ол макуланың деформациясы мен жыртылуына әкеледі, бұл көру қабілетінің айтарлықтай төмендеуіне, кескіндерді бұрмалап қабылдауға және уақытылы шаралар қабылданбаса, соқырлыққа әкелуі де ықтимал мүмкін.

– Орталық қалалық клиникалық ауруханада енгізілген жаңа әдіс инновациялық қадамды эпиретинальды мембрананы алып тастауды (мембранопилинг) қамтиды. Бұл макуланың керілуін жоюға бағытталған отаның негізгі кезеңі. Біз эпиретинальды мембрананы мұқият алып тастаймыз, макуланы кернеуден босатамыз және тордың қалыпты

анатомиялық орнын қалпына келтіреміз. Мембрананы алып тастағаннан кейін пациентті аутоплазмасы – өсу факторлары мен қоректік заттарға бай қан компоненті макула аймағына енгізіледі. Аутоплазма тіндердің тез жазылуына ықпал етеді, регенерацияны жақсартады және отадан кейінгі асқыну қаупін азайтады, – дейді офтальмология бөлімінің меңгерушісі Гүлзат Абдраимова.

Бұл әдістің бірнеше негізгі артықшылығы бар: жеделдетілген емдеу, өйткені аутоплазма макула тіндерінің тез қалпына келуіне және асқыну қаупін азайтуға көмектеседі, яғни қабыну процесі мен отадан кейінгі басқа асқынудың ықтималдығын азайтады. Гүлзат Абдраимова жаңа процедурадан өткен алғашқы науқастар көру қабілетін қалпына келтіруге оң динамиканы көрсететінін атап өтті. Науқастардың көпшілігінде визуалды функцияның айтарлықтай жақсаруы және витрео-макулярлы тарту синдромы симптомдарының төмендеуі байқалады.

– Мен ауруханаға сол көзімнің тек 1 пайызы ғана көретін жағдайда түскен болатынмын. Қазір өте жақсы көремін. Айналам сондай жап-жарық! Мен бұл ауруханада осындай ота жасай бастағанын естіген бойда бірден келістім. Мұнда портал арқылы келдім. Ақ халатты абзал жандарға рахмет айтамын, – дейді науқас.

МӘМС

ЖАЛҒАН
МЕДИЦИНАЛЫҚ
КӨМЕККЕ ЖОЛ БЕРМЕҢІЗ

Биыл жыл басынан бері Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры шамамен 195 млн теңге болатын нақты көрсетілмеген 440 қызметті анықтады. Бұл жағдайлар медициналық ұйымдарға айыппұл санкцияларын қолдану арқылы анықталды және төлемнен алынды.

Егер азаматтар өзіне көрсетілмеген медициналық қызметті анықтаса, Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына жүгінуі керек. Бұл бейінді маманның қабылдауы, диагностикалық қызметтерді алу немесе ауруханаға жолдама болуы мүмкін. Өтінішті fms.kz ресми сайты, Qoldau 24/7 мобилді қосымшасы арқылы беруге болады немесе 1414 нөміріне жүгіну қажет. Барлығы міндетті түрде қаралады.

Медициналық ұйымдарды жалған жазбалар фактілері бойынша тексеру қалай жүргізіледі?

Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры қаржы операторы ретінде тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі (ТМККК) және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру (МӘМС) пакеттерінде халыққа көрсетілген медициналық қызметтерге ақы төлеуді жүргізеді.

Қор жеткізушілері халыққа пакеттер бойынша көрсеткен медициналық қызметтерге ақы төлеу осы қызметтердің сапасы мен көлеміне мониторинг жасалғаннан кейін ғана жүргізіледі. Яғни медициналық көмек көрсетудің стандарттары мен ережелерін, сондай-ақ клиникалық хаттамалардың ұсынымдарын сақтай отырып, іс жүзінде көрсетілген медициналық қызметтерге ғана ақы төленеді.

«Жалған жазбаларды» азаматтардың өтініштері бойынша анықтауға болады, содан кейін өтініште көрсетілген фактілер бойынша медициналық көмектің сапасы мен көлеміне жоспардан тыс мониторинг ашылады. Сарапшылар жеткізушілердің медициналық ақпараттық жүйесінде және Денсаулық сақтау министрлігінің ақпараттық жүйелерінде көрсетілген қызметтерге мониторинг жүргізеді. Нәтижесінде медициналық көмек көрсету барысындағы кемшіліктер анықталады.

Жалған жазбамен айналысатын медициналық ұйымдарға қолданылатын жаза бар. Яғни қор өз құзыреті шеңберінде нақты көрсетілмеген қызметтерді анықтаған кезде медициналық ұйымдарға қатысты экономикалық ықпал ету іс-шараларын, яғни айыппұл санкцияларын қолдана алады. Осындай фактілер үшін қор медициналық ұйымнан расталмаған қызмет құнының 300%-ын шешіп алады. Бұл қаражат басым бағыттар бойынша медициналық көмекті кейіннен қаржыландыруға жіберіледі.

Бетті әзірлеген Нұржамал ӘЛІШЕВА.



Қ.СӘТБАЕВ – 125

ҚР Парламенті Сенатының депутаты, Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің мүшесі Алтынбек Нұхұлы қазақ білімінің қарашаңырағы Қ.Сәтбаев атындағы оқу ордасында болып, айтулы ғалымның 125 жылдығына арнап «Қ.Сәтбаев – ұлт мақтаншы» атты лекциясын оқыды. Сенатордың дәрісін тыңдауға университет ректоры Мейрам Бегентаев бастаған ұжым бір кісідей қатысты. Дәріс оқымас бұрын Сенат депутаты университет басшылығымен бірге Қ.Сәтбаевтың қабіріне барып, Құран бағыштап қайтты.

ҰЛТ
МАҚТАНЫШЫ

Алдымен сөз кезегін алған университеттің «Ақсақалдар алқасының» төрағасы Лұқпан Сыдықов мемлекет пен халыққа қызмет етіп келе жатқан азаматтың атқарып жүрген жұмысы туралы айтып, дәрісті осынау оқу ордасының 90 жылдығы аясында өткізіліп жатқан шоқтығы биік шаралардың бірі болды деп баға берді. Өз сөзінде Алтынбек Нұхұлы Марғұлан орталығы және Сұлтанбет сұлтанның ғылыми-білім беру кешені, Павлодар облысының қасиетті нысандар карталары, «Ақкелін» тарихи-мемориалдық кешені, құрамында Мұса Шорманұлының кесенесі, Шорман би отбасының үй-жайы және «Туған жердің тарихи тұлғалары» музейін ашу жолында атқарған жұмыстары туралы баяндады.

– Біз кезінде «Павлодар облысының 100 тарихи тұлғаларын» анықтап, қазақ және орыс тілдеріндегі 200 қысқаметражды фильмдердің дүниеге келуіне атсалыстық. Әрине, Бұқар жыраудан бастап, мұнда бірегей Қаныш Сәтбаев бар. Бұл – ұрпақ үшін жасалып жатқан игі жұмыс. Бүгінгі ұрпақ пен келер ұрпақ өз ұлтын, өз тарихын біліп өссе дейміз. Біздің еліміздің ертеңі – осында отырған жастар. Елдің де, ел Президентінің де үміті сіздерде. Сондықтан осынау дәрістен сіздер оймақтай ой түйсеңіздер, менің де еңбегімнің еш кетпесені, – деген Сенат депутаты өзі мұрындық болған Елордадағы Қаныш Сәтбаевқа арнап бой көтерген ескерткіші туралы да қызықты мәліметтер берді.

Дәріс соңында Сенат депутаты Алтынбек Нұхұлына «Құрметті профессор» атағы берілді.

АСЫЛ ҚАЗЫНА

«КҮШ – БІЛІМДЕ, БІЛІМ – КІТАПТА»

Қазіргі дамыған заманда жастар кітапты әлеуметтік сайттар мен интернет желісіне айырбастаған. Алайда, бұл жастардың кітап бетін парақтап ашып оқымайтынын білдірмейді.

«Заманына қарай адамы» деген тауып айтылған. Технология дамыған тұста жастар кітапты іздеп әуре болмайды. Оған себеп интернет желісі, қалаған кітабыңды онлайн парақтамай-ақ оқи аласың. Шынында, жастар кітап оқи ма, кітапханаға баратындарының саны қанша?

«Адамды адам еткен – кітап, адамзат еткен – кітапхана» зерттеу бойынша Алматы қаласындағы «Ұлттық кітапханаға» күніне 1000-ға жуық студенттер мен жасөспірімдер келеді. Тіпті, кітапхана ішінен таяқ сүйенген қариялар да табылады. Қариялар үшін газет-журнал көненің көзі. Ал жастардың 70%-ы дипломдық жұмыс пен емтиханға

БӘРЕКЕЛДІ!

«АЛТЫН БЕЛГІДЕН» – АЛДАМЫЗ

Биыл Алматыдағы орта білім шаңырақтарын 16 мыңға жуық түлек бітірсе, олардың 433-і «Алтын белгіден», ал 1392-і «Үздік аттестаттан» үміткерлер болатын. Мемлекеттік емтихан сынағынан соң осы түлектердің арасынан үздік білімдерін дәлелдеген 423 түлек «Алтын белгі» иегері атанып, 1366 түлек үздік аттестатпен бітірді. Ал қала мектептерінің 9-сыныбын бітірген 27 989 түлектің арасынан 1740-ы үздікке бітіріп отыр.

Сонымен қатар, «Алтын белгі» үміткерлерінің емтихан жұмыстарын мектептер емес, білім басқармалары жанынан құралған арнайы комиссиялар тексерді. Тәжірибелі пән мұғалімдерінен құралған комиссияның шешімінен кейін ғана «Алтын белгі» иегерлерінің тізімі бекітілді. Биылғы «Алтын белгі» иегерлерінің басым бөлігі мәртебелі мұғалім мамандығын таңдағаны да көңілге қуаныш ұялатады.

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

АЙМАҚ
ЖАСТАРЫН
ҚОЛДАУ

Елімізде Орталық Азиядағы жастарды дамыту мен қолдау мақсатында жүйелі жұмыстар қолға алынып отыр. Соның бірі – алғаш болып Тәжікстан жастары біздің елімізден IT саласын үйрене бастады.

Қазақстандық мамандар тәжікстандық жастарға IT саласының қыр-сырын үйретуді бастады. Сол үшін Astana Hub адами капиталды дамыту бағдарламасы Тәжікстанның IT-мамандарын оқыту үшін 100 ваучер беріп отыр.

Екі ел арасында жасалған келісім бойынша тәжік жастары веб-әзірлеу, киберқауіпсіздік, Python-ды әзірлеумен қатар ақпараттық технологиялар саласындағы өзекті дағдыны игеретін болды. Жалпы, бұл қадам қос ел арасындағы әріптестік қатынастарды нығайтуға бағытталған.

дайындық үшін барады. Сауалнама жүргізу барысында жастарды қандай кітап қызықтыратынын анықтадық. Көненің көзіне қызықпайтын олардың айтуынша, «қазақ тілді кітаптардың оқылуы қиын, түсініп жүйелеу қиынға соғады, шетел кітаптарын оқу жеңіл әрі түсінуге ыңғайлы» дейді.

Енді бірі кітаптардың сапасыз іші толған қате, тіпті кейбір кітаптардың мағынасы жағынан сай келмейтінін айтады. Заманның дамығанына қарамастан кітапты іздеп оқитындардың да қарасы аз емес. Оқып әрі өзгелерге үлгі болып жүргендері бар. Қай заман болмасын, кітап өз құндылығын жоғалтпайды.

Ерте заманнан бері кітап білім алудағы басты құрал болып келеді. Кітап оқыған адам білімді, сана биігінде жоғары мәдениетті тұлға болады. Білім кемесінде адамды кітап тәрбиелейді.

Ал артық білім – кітапта.

Назерке ЗАЙФУН,
«Тұран» университеті
Журналистика мамандығының
3-курс студенті.



Суретте Э.Бидайбекова басшылық ететін Б.Алтынсарин атындағы №159 гимназияның «алтындары».

КЕРЕК ДЕРЕК:

Оқу-ағарту министрлігінің мәліметінше, биыл еліміз бойынша 11-сыныпты 186 мың түлек бітірді. Олардың 7420 «Алтын белгі» иегері атанып, 13 727 түлек орта білімі туралы үздік аттестаттың иегері атанды.

Алматыдағы 337 жалпы білім беретін мектептің 215-і мемлекеттік, ал 122-і жекеменшік. Ағымдағы оқу жылында Алматы мектептерінің 1–11-сыныптарында 300 мыңнан астам оқушы оқыды.

ЕҢБЕК ШАРТЫ

БАЛАҢЫЗ ЖАЗДА
ЖҰМЫС ІСТЕЙ МЕ?

Мектеп оқушыларының дені жаз шықса болды, жұмыс істегісі келіп тұрады. Бір қарағанда, бұл дұрыс сияқты. Ең алдымен, ата-анасына көмек көрсетеді, әрі қаражат табады. Сосын өзі де еңбекпен шындалып өседі. Сондықтан болар, көп жағдайда ата-аналар да балаларының еңбек етіп, ақша тапқанына қарсы емес.



Сонымен, балалар жазғы демалыста жұмыс істесе, өзіне киім-кешек, басқа да қажетті заттарын алады. Дегенмен, мектеп оқушыларының көпшілігі заңды білмегендіктен, өз жасына сай берілген уақыттан да артық жұмыс істеп жатады. Соның салдарынан жұмыс берушілер олардың еңбекақысын уақытында төлемей заңды белшесінен басатын да жағдайлар кездеседі. Мұндай жағдайлар көбіне, көмелеттік жасқа толмағандардың жұмыс істеу құқығы туралы заңды білмеуінен орын алады. Біздің еліміздегі Еңбек Кодексіне сәйкес көмелетке толмаған тұлғаларға да жұмыс істеуге болады. Ондағы негізгі шарт – жұмыс уақытына байланысты, яғни аптасына 24 сағаттан жоғары болмауы керек.

Осыған орай, 14 жасқа дейінгі балалар жұмыс істегісі келсе, Еңбек шартына отыруы керек. Бұл ретте міндетті түрде заңды өкілдері жанында болып, әрі

олардың келісімі болуы керек. Еңбек кодексіне сәйкес, міндетті түрде олардың келісімі маңызды болады. Бұл жерде де жұмыс істеу уақыты аптасына 24 сағаттан аспауы тиіс. Яғни көмелеттік жасқа толмағандарға да, еңбекақы тараптардың келісімі бойынша төленеді.

Ал егер көмелетке толмағандарды заңсыз түрде жұмысқа тартатын болса, әкімшілік, тіпті қылмыстық та жауапқа тартуға болады. Сонымен, жасөспірімдер жаз бойы бос жүрмесін десеңіз, балаңызды еңбекке баулыңыз. Ең бастысы, ол жұмысты бала денсаулығына кері әсері болмасын. Баланың жас шамасына, психикасына әсер етпеуіне баса назар аударыңыз. Жұмыс уақыты ересектермен бірдей болмасын. Еңбек кодексінің 69-бабында да осылай айтылған.

Бетті әзірлеген
Рая ЕСКЕНДІР.



АДАМ ЖӘНЕ ЗАҢ

ДЕКЛАРАЦИЯ: КІМДЕР, ҚАЛАЙ ТАПСЫРАДЫ?

Мемлекеттік кірістер департаменті алматылықтардан декларацияны тапсыру мерзімін кешіктірмеуді еске салды. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметінің брифингінде Алматы қаласы Мемлекеттік кірістер департаментінің өндірістік емес төлемдер басқармасының басшысы Қанағат Күлембаев айтты.



Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Биыл 1 қаңтардан бастап декларацияны ұсыну бойынша міндеттемелер бизнес өкілдері мен олардың жұбайларында (заңды тұлғалардың басшыларында, құрылтайшыларында (қатысушыларында), жеке кәсіпкерлерде) туындайды. Алматы қаласы бойынша 3-кезеңде декларациялауға жататын тұлғалардың саны 357 мыңнан асады. Жалпыға бірдей декларациялау 2 нысанда ұсынылады: «Активтер мен міндеттемелер туралы декларация» (250.00 нысаны), «Кірістер мен мүлік туралы декларация» (270.00 нысаны).

«Жалпыға ортақ декларациялау жүйесіне кірген кезде 250.00 нысаны бойынша декларация тапсырылады, ол бір рет ұсыныла-ды – «кіріс» декларациясы деп аталады, ал одан кейінгі жылдары 270.00 нысаны бойынша жыл сайынғы декларация тапсырылады», – деді Қанағат Күлембаев.

250.00 нысанындағы активтер мен міндеттемелер туралы декларацияны толтыру кезінде кейбір декларанттар қателік жібереді және көбінесе салық кезеңін дұрыс көрсетпейді, 2024 жылдың орнына 2023 жылды көрсетеді. Жалпы Алматы қаласы бойынша мұндай декларациялар 7 мыңнан асады. Сондай-ақ, салық төлеушінің санатын таңдауда қателіктер бар, яғни «В» санатының орнына (3-кезең бойынша декларациялауға жататындар) «А» санатын таңдайды (мемлекеттік қызметке немесе сайланбалы қызметке



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

үміткерлер). Қала бойынша мұндай декларациялар 2 мыңға жуық. Сонымен қатар, ол кіріс декларациясын толтыру кезінде кейбір мәселелерге және жиі қойылатын сауалдарға тоқталды.

Активтер мен міндеттемелер бойынша «кіріс» декларациясын толтыру шарттарының бірі – 2023 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша қарыздар мен талаптарды көрсету. Яғни азаматтар декларацияда басқа жеке немесе заңды тұлғалар алдындағы қарыздарын көрсетуі керек. Сондай-ақ, осы жеке тұлғаға басқалардың қайтаруы тиіс қарыздар туралы есеп беріледі.

Заңды тұлғалармен жасалған келісім-шарттар декларацияда көрсетілуге тиіс. Азаматтар активтері мен міндеттемелері туралы декларацияда қалауы бойынша құны бірлігі үшін 3,5 миллион теңгеден (1000 АЕК) асатын құнды мүлікті көрсете алады.

Мұндай мүлікке Қазақстан Республикасында да, шетеледе де орналасқан кез келген қымбат мүлік, мысалы, мәдени құндылықтар, зергерлік бұйымдар, асыл тұқымды жануарлар және басқа да бағалы мүлік, сондай-ақ аяқталмаған құрылыс

объектілері жатады. Көрсетілген мүлік 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша бағалау құны болған жағдайда декларацияланады. Бұл ретте бағалау декларацияны тапсыру сәтіне дейін, 2024 жылғы 15 қыркүйектен кешіктірмей жүргізілуі тиіс.

ӨКҚ спикері салық органдарының шетелдік көздерден түсетін кірістер туралы қалай білетінін түсіндірді. Қаржы министрлігі 2021 жылдан бастап шетелдік банктік шоттарға түскен қазақстандық азаматтардың кірістері туралы ақпаратты алып келеді. Бұл мәліметтер құзыретті органдардың Салық істері бойынша өзара әкімшілік көмек туралы конвенция (Страсбург, 1988 жылғы 25 қаңтар) шеңберінде қаржылық шоттар туралы ақпаратты автоматты түрде алмасу туралы көпжақты келісіміне (CRS) сәйкес келеді.

Жыл сайын 86 елден ақпарат келіп түседі, негізгі елдер БАӘ, Ұлыбритания, Түркия, Франция және т.б.

«Келіп түскен мәліметтер жеке табыс салығы бойынша салық міндеттемелерін айқындау мақсатында салықтық әкімшілендіру үшін ғана пайдаланылады», – деді Қанағат Күлембаев.

ТӘРБИЕ

БАЛА ҚҰҚЫҒЫ ТАПТАЛМАЙДЫ

Алматы қаласы, Алматы және Жетісу облыстары бойынша Қылмыстық-атқару жүйесі департаментіне қарасты №11 мекемесінде ҚАЗЖ мекемелерінде азаптауға қарсы іс-шаралар жоспарын іске асыру мақсатында, кәмететке толмаған жазасын өтеуші жасөспірімдердің азаптау мен басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе қадір-қасиетін қорлайтын қарым-қатынас түрлерінің алдын алу, құқықтарының сақталуын анықтау бойынша сауалнама өтті.



Нұржамал
ӘЛІШЕВА

Іс-шараға ҚР-ның Адам құқықтары жөніндегі уәкілінің Алматы қаласы бойынша өкілі Қазбек Малдыбаев және Алматы қаласы, Алматы және Жетісу облыстары бойынша ҚАЗЖ-нің өзіндік қауіпсіздік бөлімінің өкілдері қатысты.

Сауалнама барысында құқық жөніндегі уәкіл К.Малдыбаев кәмететке толмағандармен жұмыс істеудегі озық тәжірибелермен, балалар мен жасөспірімдерді құқықтық қорғауды жақсарту жөніндегі ойымен бөлісті. Тәрбие бөлімінің бастығы, әділет



подполковнигі Алма Бәзілбаева кәмететке толмаған сотталғандардың құқығының сақталуына аса назар бөлінетіне тоқталып, балаларды ұстау жағдайын жақсарту, оларға орта білім беру, кәсіпке баулу, мәдени, спорттық іс-шаралар ұйымдастыру және т.б. бағытта жасалып жатқан жұмыстардың өз нәтижесін беріп жатқанын атап өтті.

– №11 мекеме еліміздегі жалғыз балалар колониясы болғандықтан Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің Алматы қаласы бойынша өкілі, Ұлттық алдын алу тетігінің

қатысушылары, Қоғамдық бақылау комиссиясының мүшелері, басқа да азаматтық қоғам өкілдері осында жиі келіп, жасөспірімдердің жағдайларымен танысып, олардың құқығының қамтамасыз етілуін қадағалап отырады. Бізде тәрбиеленіп жатқан балалар аяғын жаза басып, сотты болғанымен, оларды қоғамға қайта бейімдеу, дұрыс жол көрсету, оқыту, кәсіби білім беріп шығару – міндетіміз. Сондай-ақ, амандығына жауаптымыз, – дейді мекеменің тәрбиеші-маманы Еркегүл Жеңісхан.

ПОЛИЦИЯ

Алматы қаласының полициясы есірткіге қарсы айлықты бастады. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметінің брифингінде Алматы қаласы ПД есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл басқармасының аса маңызды істер жөніндегі аға жедел уәкілі мәлімдеді.

5 ЕСІРТКІ ЗЕРТХАНАСЫ ЖОЙЫЛДЫ

Оның айтуынша, 2024 жылдың 5 айында Алматы аумағында полиция есірткі құралдарының заңсыз айналымына байланысты 264 құқық бұзушылықты анықтаған. Есірткі сатудың 116 фактісінің жолы кесілді. 158 килограмнан астам есірткі заттары тәркіленді және заңсыз айналымға жіберілмеді. Электронды төлемдерді қолдана отырып, интернет арқылы байланыссыз әдіс арқылы синтетикалық есірткіні тарату үрдісі өзекті мәселелердің бірі болып қала береді. Жыл басынан бері есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл басқармасының қызметкерлері 41 есірткі қойып кетушіні ұстады.

Есірткіні тарататын және жарнамалайтын 337 интернет-ресурс анықталды және бұғатталды. Жалпы жедел-ізвестіру іс-шараларымен қатар, Алматы полициясы нашақорлықтың алдын алу және есірткіге қарсы қоғамдық иммунитетті қалыптастыру бойынша жұмыс жүргізуде. Жыл басынан бері мегаполисте тәртіп сақшылары есірткіге қарсы 242 профилактикалық іс-шара өткізді.

«НаркоСтоп» қозғалысының еріктілерімен бірлесіп, есірткінің таралуы туралы ақпаратты қамтитын 3 мың 651 граффити суреті табылып, үстін бояп тастау арқылы жойылды. Ол Алматы полициясы нашақорлыққа және есірткінің заңсыз айналымына қарсы халықаралық күрес күні аясында есірткіге қарсы айлықты бастағанын атап өтті. Аталған айлықтың ұранымен Алматы полициясы 10 жастан асқан аудиторияға арналған әлеуметтік роликті таныстырады. Ол айтылуы тиіс негізгі ойдың жасөспірімдерге қолжетімді болуы үшін танымал «Minecraft» балалар ойынының форматында жасалған.

Мемлекет басшысы мен Үкімет есірткіге қарсы нақты және дәйекті стратегия жүргізуде, оның шеңберінде нашақорлықтың алдын алуға, ескерту жасауға және жолын кесуге бағытталған бірқатар жобалар іске қосылды. Алматы қаласы ПД есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл басқармасының аса маңызды істер жөніндегі аға жедел уәкілі Дәурен Көбеевтің айтуынша, бүгінгі таңда жаһандық проблемалардың бірі синтетикалық препараттар мен оларды өндіруге арналған зертханалар болып отыр. Алматы полициясы жүргізген жедел және арнайы іс-шаралардың нәтижесінде 5 есірткі лабораториясы жойылды.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Нұржан ЖАКУПОВ,
«НаркоСтоп» жобасының кураторы:

Заң алдында жазаланады

Биыл «НаркоСтоп» жобасы нашақорлықтың алдын алуға және ғылыми жұмыстарға ерекше назар аударады. Біз жастарды есірткінің зияны туралы ақпарат беріп, жаңа білім беру бағдарламаларын әзірлеу бойынша жұмысымызды күшейттік. Сондай-ақ, нашақорлықтың себебі мен салдарын зерттеу үшін ғылыми мекемелермен ынтымақтастық жұмысымыздың маңызды бөлігі болды. Кейінгі 2-3 жылда мемлекет есірткімен күресті күшейткенін атап өткім келеді. Бұл мәселемен тек Есірткі қылмысына қарсы күрес басқармасы мен әкімдік, соның ішінде ҚХА, түрлі жастар қозғалыстары мен саяси партиялар ғана айналыспайды. Біз есірткі мәселесімен көптен бері айналысып келеміз және негізгі мәселелерді тек түзетулер енгізу арқылы және кейбір жағдайларда жаңа нормативтік құқықтық актілер мен заңдарды әзірлеу арқылы шешуге болады деген қорытындыға келдік. Биыл Алматы қаласы Жастар саясаты басқармасының тапсырысы бойынша біз «Есірткіге тәуелділіктің алдын алу мен емдеудің тиімділігі, қолданыстағы заңнама тұрғысынан» тақырыбында зерттеу жүргізіп жатырмыз. Есірткі жарнамасы мен жарнаманың өзі – ҚР заңнамасына сәйкес жазаланатын құқықбұзушылық.

Гүлжанат МАРАТҚЫЗЫ.



«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне 2024 жылға жазылу жүріп жатыр!

«ALMATY AQSHAMY» – алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

БІЗ газетімізді асыға күтетін оқырмандарымызбен және тұрақты авторларымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде, «Евразия Пресс» агенттігі, «Эврика Пресс» өкілдіктерінде жазылуға болады. Бізді [almaty-akshamy.kz](#) сайтынан да оқыңыздар!

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ 2024 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

65503 (жеке жазылушылар үшін) 1 айға – 536,12 теңге, 3 айға – 1608,36 теңге, 6 айға – 3216,72 теңге

15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін) 1 айға – 736,12 теңге, 3 айға – 2208,36 теңге, 6 айға – 4416,72 теңге

95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін)
1 айға – 336,12 теңге, 3 айға – 1008,36 теңге, 6 айға – 2016,72 теңге

Анықтама үшін телефондар: 8 (727) 293-08-12, 293-08-25, 293-08-03.

Құрметті оқырмандар!

«Алматы ақшамы» газетінің баспа нұсқасына жазылуды енді **Post.kz сайты** арқылы немесе мобильді қосымшаны пайдалана отырып, онлайн режимде ресімдеуге болатынын қуана хабарлаймыз. Жылдам іздеу функциясы арқылы «Алматы ақшамы» газетін тауып, оған жазылуды бір сәтте ресімдеуге болады. Газетке жазылу үшін оның қажетті санын, жазылу мерзімін көрсетіп, кез келген банктің картасымен төлем жасау қажет.

Жазылу индекстері мен жазылу құны «Алматы ақшамы» газетінің баспа нұсқасына жазылумен тең.

Газет **Post.kz**-пен ресімдеу кезінде көрсетілген мекенжай бойынша жеткізіледі. Қызмет **24/7** қолжетімді.

«САЛАУАТТЫ ҰРПАҚ – ҚАЗАҚСТАННЫҢ БОЛАШАҒЫ»

II Халықаралық ғылыми-практикалық конференция өтті

Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының қолдауымен Перинатология және балалар кардиохирургиясы орталығы Халықаралық балаларды қорғау күніне орай «Салауатты ұрпақ – Қазақстан болашағы» атты II Халықаралық ғылыми-практикалық конференция өткізді.

Іс-шараның басты мақсаты – тәжірибе алмасу, медицина саласындағы нәтижелерді талдау, сондай-ақ ғылыми жетістіктер мен жаңа технологияны талқылау.

Конференцияға алыс, жақын шетелдерден акушерлік, неонатология, кардиохирургия, ұрық хирургиясы, мейірбике ісі саласындағы 500-ден астам жетекші маман қатысып, 70-ке жуық баяндамашы сөз сөйледі. Қазақстан, Ресей, АҚШ, Литва, Германия, Беларусь, Әзербайжан, Өзбекстан және басқа елдерден сарапшылар қатысты. Олардың ішінде профессор Вячеслав Локшиннің «Моногендік аурулар мен хромосома-лық патологияның алдын-алудағы КРТ (көмекші репродуктивті технологиялар) заманауи мүмкіндіктері» және ресейлік дәрігер Наталья Косовцованың «Обструктивті уропатиялар, жатырышілік түзету» туралы баяндамаларын атап өткен жөн.

«Алматы қаласындағы алдыңғы қатарлы медициналық ұйымдардың бірі – Перинатология және балалар кардиохирургиясы орталығы. Балалар кардиохирургиясы мен перинатология қосылған ұйым Қазақстан бойынша біреу ғана. Сәби ананың құрсағында жатқанда туа біткен жүрек ақауы диагнозы қойылса, әйелдер осы орталықта босанады. Мұндай диагноздар көбіне скринингтер арқылы анықталады. Жергілікті медициналық ұйымдар, яғни емханалар жүрек ақауымен туылуы мүмкін балалардың анасына осы орталыққа жолдама береді. Балалар кардиохирургы бірден балаға ота жасауы керек. Сондықтан екі бөлім бір жерде орналасқан. Орталықта акушер-гинекологтар, неонатологтар мен кардиологтар жұмыс істейді. Барлық ота тегін жасалады», – дейді Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының Ана мен бала бөлімінің меңгерушісі Жадыра Ахметова.

Гүлжанат МАРАТҚЫЗЫ.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Premix Plus» ЖШС КР Экологиялық кодексінің 58-бабы 2-тармағына және 73-бабы 1-тармағының талаптарына сәйкес 2024 жылдың маусым айының 26 жұлдызынан бастап 5 жұмыс күн аралығында «Алматы к., Түрксіб ауданы, Сүйінбай даңғылы, 573/1 мекенжайындағы орналасқан «Premix Plus» ЖШС өндірістік базасына» жасалынған «Қоршаған ортаны қорғау» жобасы бойынша қоғамдық талқылаулар арқылы қоғамдық тыңдаулар өтетіндігін хабарлайды.

Бастамашы: «Premix Plus» ЖШС БСН 210540012470.

Жобалық құжаттамалар бойынша пакетімен Бірыңғай экологиялық порталында ([Ecoportal.kz](#)) танысуға болады. Барлық ескертулер және / немесе ұсыныстар Бірыңғай экологиялық порталында қабылданады.

Алматы қаласының мәслихаты II, III, IV шақырылымдағы Алматы қаласы мәслихатының депутаты
Талапқали Әбішұлы ІЗМҰХАМБЕТОВТЫҢ қайтыс болуына байланысты отбасы мен туған-туысқандарының қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

2024 жылғы 14 маусым
№2/225-825

МЕМЛЕКЕТ МҰҚТАЖЫ ҮШІН ЖЕР УЧАСКЕЛЕРІН АЛЫП ҚОЮҒА БАЙЛАНЫСТЫ ЖЕР УЧАСКЕЛЕРІН НЕМЕСЕ ӨЗГЕ ДЕ ЖЫЛЖЫМАЙТЫН МҮЛІКТІ МӘЖБҮРЛЕП ИЕЛІКТЕН ШЫҒАРУДЫҢ БАСТАЛУЫ ТУРАЛЫ

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84-бабына, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңына сәйкес, «Алматы қаласы Алмалы ауданы әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2024 жылғы 17 ақпандағы № 22.1-22/206-И хаты негізінде Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Жалпы білім беретін мектепке қосымша құрылыс салу үшін Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Тілендиев көшесі, 35 А үй мекенжайы бойынша орналасқан жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті осы қаулының қосымшасына сәйкес мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.

2. Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2025 жылдың 31 желтоқсанына дейін белгіленсін.

3. Меншік иелері жүгінетін орын Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Абай даңғылы, 90, 801-кеңсе болып белгіленсін.

4. Алматы қаласы әкімінің аппараты осы қаулы қабылданған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

5. «Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі:

1) заңнамамен белгіленген тәртіпте меншік иелерін хабардар етсін және жер учаскелерінің меншік иелеріне өтемақы төлеуді қамтамасыз етсін;

2) жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығару бойынша іс-шараларды аяқтағаннан кейін жер учаскелерін «Алматы қаласы Алмалы ауданы әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің тегіріміне берсін;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған өзге де қажетті шараларды қабылдасын.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі

Е.ДОСАЕВ

Алматы қаласы әкімдігінің
2024 жылғы 14 маусым
№2/225-825 қаулысына қосымша

МӘЖБҮРЛЕП ИЕЛІКТЕН ШЫҒАРЫЛУҒА ЖАТАТЫН ЖЕР УЧАСКЕЛЕРІНІҢ ТІЗБЕСІ

P/c №	Жер учаскесінің меншік иесінің (жер пайдаланушының) тегі, аты-жөні (атауы)	Кадастрлық нөмірі	Жер учаскесінің орналасқан жері	Жер учаскесінің ауданы, га
1	Жумағалиева Райгүл Халиковна, Ушпаев Аскар Тельманович	20-311-027-487	Тілендиев көшесі, 35 А үй, 1-пәтер	жалпы 0,2146 үлесі 0,0339
2	Ергалиева Марфуга Мелсовна, Минуаров Бекзат Муратович	20-311-027-487	Тілендиев көшесі, 35 А үй, 2-пәтер	жалпы 0,2146 үлесі 0,0171
3	Сағымбекова Карлығаш Садуахасовна	20-311-027-487	Тілендиев көшесі, 35 А үй, 3-бөлме	жалпы 0,2146 үлесі 0,0164
4	Джунисбекова Мадина Калмаханбетовна, Кулжабаев Нурбек Жандарбекович	20-311-027-487	Тілендиев көшесі, 35 А үй, 4-пәтер	жалпы 0,2146 үлесі 0,0359
5	Черекбаева Айгерим Оралбекқызы, Оралканова Жанерке Оралбекқызы, Енсесбаева Сауле Кусановна	20-311-027-487	Тілендиев көшесі, 35 А үй, 5-пәтер	жалпы 0,2146 үлесі 0,0306
6	Хасамбинов Самат Мухтарханович	20-311-027-487	Тілендиев көшесі, 35 А үй, 6-пәтер	жалпы 0,2146 үлесі 0,0349
7	Асқанова Диана Кенжебековна, Бабажанова Роза Алимхановна, Черикпаев Кенжебек Асқанович	20-311-027-487	Тілендиев көшесі, 35 А үй 7-пәтер	жалпы 0,2146 үлесі 0,0458



Бас директор –
Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ

Қабылдау бөлмесі:
тел: 293-08-03.

Бас директордың орынбасары –
Абдухалил ЖАЛИЛОВ
тел: 293-08-03 (ішкі 102).

Бас директордың шығармашылық жөніндегі орынбасары –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА
тел.: 293-04-28.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК
тел: 293-52-36.

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ
тел: 293-52-43.

Жаңалықтар мен ақпарат бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел: 293-52-36.

Коммерция бөлімінің жетекшісі –
Қуаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел: 293-08-12. E-mail:
rekalatauaqparat@gmail.com

Жарнама және тарату бөлімі. E-mail:
rekalatauaqparat@gmail.com
тел: 293-08-25

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ.

Газетті жеткізу бойынша шағымдар болса, «Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына: +7 707 862 30 08 телефоны арқылы сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін хабарласыңыз

Almaty
AQSHAMY

Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alatau Aqparat» ЖШС.
E-mail:
alatauaqparat@gmail.com
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет аптасына 2 рет, сейсенбі және жұма күндері шығарылады. Нөмірдің таралымы – 8152 дана (сейсенбі)

Кезекші редактор – Естай БОЖАН

Газет "Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесінде тіркелген. Тіркеу туралы № KZ17VPY00085956 куәлігі 19.01.2024 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Алматы-болашақ» АҚ-да басылды. 050026, Алматы қаласы, Мұқанов көшесі, 223 В. Тел.: 8 (727) 378-40-08, 378-42-00. Офсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газеті «AIR ASTANA» әуе компаниясының бизнес-класс борттында және «Жолаушылар тасымалы» АҚ пойыздарындағы жолаушыларға қолжетімді.

ҚЫЛҚАЛАМ

ТҮРІК СУРЕТШІЛЕРІНІҢ КӨРМЕСІ АШЫЛДЫ

Көрерменге табиғат пен тарихтың қайталанбас көрінісі ұсынылды



Суреттері түсірілген Самат Құсайынов.

Пейзаж – аса қастерлі өнер. Дәл осы саланы зерделеген – Халил Петюк.

Адам мен табиғаттың арақатынасы, рухани үндестігіне мән беріліп келеді. Атамзаманнан табиғат пен адам бір-біріне байланысты ғұмыр кешеді. Ғаламшардың даму тарихын қылқаламмен бейнелеу суретші Эмин Мете Эрдоған қолынан келеді. Бұл бағытта еңбектену үлкен қажыр-қайратты талап етеді.

Көрменің жалпы идеясы – адам мен табиғаттың тоғысуы. Кескіндемемен жұмыс істейтін екі автор – Халил Петюк пен Онур Мансыз – диалогқа түседі. Олар адамның табиғатын көру және шындықты қабылдау қабілетін зерттейді.

«Біздің бұл жолғы көрмеде түркиялық үш суретшінің туындылары қойылды. Сондай-ақ, мұнда фото-коллаж, картиналар, мүсіндер көре аласыз. Біз мұражаймен көптеген бері қарым-қатынастамыз. 14 маусым және 7 шілде аралығында мәдениет пен руханиятқа сусындағысы келетін қонақтарға есік ашық», – деді куратор Оля Веселова.

Сонымен қатар, музей құндылығы оның көрермендерге әсері, мәдени өмірдің маңыздылығы турасында ой-пікірлер айтылды.

«Бұл мұражай еліміздің ең баға жетпес құндылықтарының бірі саналады. Ал көрмелерге қойылған әрбір өнер туындысының артықшылығы ол – заңға заманмен үндесуінде. Басты мақсат – адам мен табиғат әлемі егіз ұғым екендігін ұғындыру», – деді ұйымдастырушы Санжар Серікбаев.

Сонымен қатар, бұл жолғы көрмеде гипперреалды әлем бейнесі қолданылып, табиғат пен адам әлемнің қатынасы 3D форматында бедерленді.

Қылқалам шебері болу, бұл – құдіретті іс. Әр деталь байқампаздықты, ұқыптылықты талап етеді. Кейінгі кездері гипперреалистік тәсілге ерекше ден қойлып келеді. Сонымен қатар, фантастикалық бейнелерді кескіндеу және көпшілікке қиял-ғажайып әлемін сездіру айрықша дарынды қажет қылады. Дәп осы бағытты түрік кескіндеме өнерінің шебері Онур Мансыз бейнелеп берді.

Табиғаттың тылсым сырын сурет арқылы бедерлеу жай жұмыс емес. Бұған аса тәуекелшілдік керек. Барынша таутас, өзен-көл, қырат пен жыра, орман, әсем гүлді бейнелеу суретшінің шығармашылық шеберлігіне байланысты.

Олжас
ЖОЛДЫБАЙ

Алматыдағы Ә.Қастеев атындағы өнер мұражайына түрік қылқалам шеберлері Онур Мансыз, Халил Петюк, Эмин Мете Эрдоған өз туындыларын әкеліп қойды. «Цикл: қазіргі заманды зерттеу» деп аталған көрмеде тарихтың небір қатпарларынан сыр шертетін картиналар мен табиғаттың сұлулығын бейнелейтін суреттер қойылды.

СПОРТ

«БҰЛ ЖЕҢІС – ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЖЕҢІСІ»

Шахматтан әлем чемпионы журналистердің сұрақтарына жауап берді

Жасөспірімдер арасында шахматтан Азия біріншілігі өтіп жатқан Балұан Шолақ атындағы спорт сарайында әлем чемпионы Қазыбек Нөгербектің қатысуымен баспасөз мәслихаты өтті.

Кұралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

зейіні арта түсті. Қазір ол әмбебап шахматшы», – деді жаттықтырушы Ержан Шәкенов.

Өз кезегінде жас гроссмейстер Қазыбек Нөгербек бұл жеткен жетістігіне әлі сене алмай отырғанын айта келіп, өзіне қолдау білдірген қазақстандықтарға алғыс білдірді.

– Қасым-Жомарт Кемелұлының құттықтауын көргенде қатты қуандым. Қазір мен аздап толқып отырмын. Бұл – өте үлкен нәтиже, әлі сене алар емеспін. Бұл – бүкіл Қазақстанның жеңісі. Менің жетістікке жетуіме жағдай жасаған ата-анама және үнемі қасымнан табылатын жаттықтырушы Ержан Шәкеновке мың алғыс. Егер ол кісілердің қолдауы болмағанда мұндай шыңды бағындырмас едім. Ержан ағай мені 6 жастан бастап шахматқа баулыды. Республикалық жарыстардан әлем чемпионына дейінгі кезеңдерге дайындап келеді. Өзіме сенімсіз болған уақытта арқамнан демеп, алға жылжуыма көмектесті. Бұл менің ғана емес, бүкіл қазақ елінің жеңісі! Сіздерге көп рахмет! Мен мұнымен тоқтап қалмаймын, алдағы жарыстарға дайындаламын», – деді Қазыбек Нөгербек.

Іс-шара соңында әлем чемпионы Қазыбек Нөгербекпен, әсіресе, шетелден келген үндістандық және индонезиялық жас жанкүйерлері фотоға түсіп, қолтаңбасын алды.

Айта кетейік, 14 маусымда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Үндістанның Гандинагар қаласында өткен халықаралық жарыста әлем чемпионы атанған Қазыбек Нөгербекке құттықтау жеделхатын жолдаған болатын.

ден жүйрік, мыңнан тұлпар атанғаны үшін чемпионды «XXI ғасырдың Қазыбегі» деді.

Басқосуда Қазыбекті 10 жылдан астам уақыт бойы баптап келе жатқан Қазақстанның еңбек сіңірген жаттықтырушысы Ержан Шәкенов шәкіртін әмбебап ойыншы деп атап, оның шахматшы ретінде өз шеберлігін үнемі жетілдіріп келе жатқанын атап өтті.

– Қазыбек бұл жарысқа 100% жанын салып тұрып дайындалды. Таңғы сағат 09.00-ден түнгі сағат 00.00-ге дейін

арнайы режимді қадағалады. Мәселен, жарыс басталмай тұрып 3 сағат бұрын миды жаттықтыру үшін шахмат позицияларын ойнайды. Турнирге дейін 1 сағат миды тынықтырып, кейін 5 сағаттық ойынға барады. Ал ойыннан кейін физикалық жаттығулар жасап, соның ішінде суга жүзіп, қонақүй маңында жүгірді. Ал оның қандай позицияда ойнағанды ұнататынына келсек, ол бала кезінен гипербелсенді болғандықтан динамикалық ойынды көбірек ойнайтын. Кейін өсе келе, позициялық шахматқа